| 16.9 | Несоблюдение любой из Сторон какой-либо части данного раздела представляет собой существенное нарушение настоящего Договора Поставки. Стороны договорились и согласились, что в дополнение к правам на односторонний отказ от исполнения Договора Поставки (отказ от договора) Покупатель вправе в любое время отказаться от исполнения настоящего Договора Поставки в случае нарушения Поставщиком вышеуказанных гарантий и заверений, отказаться от совершения любых выплат, и/или удержать из причитающейся Суммы по настоящему Договору Поставки убытки, связанные с таким нарушением. В этом случае уведомление об одностороннем отказе направляется Покупателем не позднее чем за 14 (четырнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения Договора Поставки или отказа от него (отказ от договора). | Осы бөлімнің қандай да бір бөлігін Тараптардың кез келгенінің сақтамауы осы Жеткізу шартының елеулі бұзылуын білдіреді. Тараптар Жеткізу шартын орындаудан біржақты бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқықтарға қосымша ретінде Жеткізуші жоғарыда көрсетілген кепілдіктер мен куәландыруларды бұзған жағдайда Сатып алушы кез келген уақытта осы Жеткізу шартын орындаудан бас тартуға, кез келген төлемдерді жасаудан бас тартуға және/немесе осы Жеткізу шарты бойынша тиесілі сомадан осындай бұзушылыққа байланысты шығындарды ұстап қалуға құқылы деп уағдаласты және келісті. Бұл жағдайда біржақты бас тарту туралы хабарламаны Тапсырыс беруші Жеткізу шартын бұзудың немесе оны орындаудан бас тартудың (шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмей жібереді. | Failure by a Party to comply with any part of this Article shall constitute a material breach of this Purchase Order. The Parties came to an understanding and agreed that, in addition to the rights to unilaterally refuse to fulfill the Purchase Order (repudiate the contract), the Buyer has the right to refuse at any time to fulfill this Purchase Order, if the Supplier has violated the abovementioned representations and warranties, to refrain from making any payments, and/or to withhold from the Price due under this Purchase Order the amount of losses associated with such breach. In this case, a notice of unilateral cancellation shall be sent by the Buyer no later than 14 (fourteen) calendar days prior to the expected date of termination or cancellation of the Purchase Order (repudiation of Purchase Order). |
| 16.10 | **«Связанные лица»** означает всех сотрудников (работающих на постоянной, контрактной и временной основе), | **«Байланысты тұлғалар»** жеке немесе заңды тұлғалар болып табылатынына қарамастан, сондай-ақ мұндай қызметтерді | **«Associated Persons»** means all employees (working on a permanent, contractual or temporary basis), secondees, agency staff, consultants, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | прикомандированных лиц, сотрудников агентств, консультантов, подрядчиков, субподрядчиков, агентов, представителей, аффилированных и любых других лиц, оказывающих услуги в интересах или от имени какой-либо Стороны, независимо от того, являются ли они физическими или юридическими лицами, а также действующих в качестве лиц, оказывающих такие услуги. | көрсететін тұлғалар ретінде әрекет ететін, қандай да болсын Тараптың атынан немесе мүдделерінде қызметтер көрсететін барлық қызметкерлерді (тұрақты, келісімшарттық және уақытша негізде жұмыс жасайтын), іссапарға жіберілген тұлғаларды, агенттіктердің қызметкерлерін, кеңесшілерді, мердігерлерді, қосалқы мердігерлерді, агенттерді, өкілдерді, үлестес және кез-келген басқа да тұлғаларды білдіреді. | contractors, sub-contractors, agents, representatives, affiliates and any other person who provides services for or on behalf of a Party, while having a status of whether an individual or a legal entity, and who is acting in the capacity of a person providing such services. |
| 16.11 | Каждая из Сторон заверяет и гарантирует, что: | Тараптардың әрқайсысы куәландырады және кепілдік береді: | Each Party represents and warrants that: |
| a) | такая Сторона совместно со своими Связанными лицами полностью осознает и понимает положения всех применимых законов о налогообложении, в том числе, без ограничения, Закон 2017 года Соединенного Королевства «О финансовых преступлениях», с учетом любых изменений и дополнений этого закона в то или иное время, подзаконных нормативных правовых актов, принятых в реализацию названного закона и любых обязательств, вытекающих из этого закона (в совокупности – «Законы о налогообложении»); | мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп салық салу туралы барлық қолданылатын заңдардың ережелерін толық түсінеді және ұғынады, соның ішінде, мұнымен шектелмей, осы немесе өзге уақытта осы заңның кез-келген өзгертулері мен толықтыруларын, аталған заңды және осы заңнан шығатын кез-келген міндеттемелерді (жиынтықта – «Салық салу туралы заңдар») іске асыруға қабылданған заң күшіндегі нормативтік-құқықтық актілерді ескеріп, «Қаржылық қылмыстар туралы» 2017 жылғы Біріккен Корольдіктің заңы; | the Party together with its Associated Persons is fully aware of and understands the provisions of all applicable taxation laws including but not limited to the United Kingdom («UK») Criminal Finances Act 2017, any enactment, modification, or replacement of the same from time to time, any subordinate legislation made under the same and any duties arising from the same (collectively the «Taxation Laws»); |
| b) | такая Сторона совместно со своими Связанными лицами не совершала и не совершает: | мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп жасамаған және жасамайды: | the Party together with its Associated Persons has not committed and shall not commit: |
| i | преступлений, заключающихся в мошенничестве в отношении государственных доходов; и | мемлекеттік кіріске қатысты айлакерлікпен болатын қылмыстар; және | criminal offences involving fraud with respect to the state revenues; and |
| ii | преступлений, заключающихся в сознательной вовлеченности в действия или в непосредственном совершении действий в целях уклонения от уплаты налогов (в совокупности – «Уклонение от уплаты налогов»); | салық төлеуден жалтару мақсатында әрекеттерді тікелей жасаудан немесе әрекеттерге саналы еліктіргендіктен болған қылмыстар (жиынтықта – «Салық төлеуден жалтару»); | criminal offences involving conscious involvement in actions or direct performance of actions for tax evasion purposes (collectively, the «Tax Evasion»); |
| c) | такая Сторона вместе со своими Связанными лицами не совершала и не совершает: | мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп жасамаған және жасамайды: | the Party together with its Associated Persons has not committed and shall not commit: |
| i | преступлений по Уклонению от уплаты налогов, путем сознательной вовлеченности в действия или непосредственного совершения действий в целях мошеннического уклонения от уплаты налогов другим лицом; | басқа тұлғамен салық төлеуден айлакерлік жалтару мақсатында әрекеттерді тікелей жасау немесе әрекеттерге саналы еліктіргендік жолымен салық төлеуден Жалтару бойынша қылмыстар; | a Tax Evasion Offence by being knowingly involved in, or taking direct actions with a view to, fraudulent evasion of a tax payment by another person; |
| ii | преступлений, заключающихся в пособничестве, подстрекательстве, консультировании в отношении Уклонения от уплаты налогов или обеспечении Уклонения от уплаты налогов; и | салық төлеуден Жалтаруды қамтамасыз етуден немесе салық төлеуден Жалтаруға қатысты қылмысқа итермелеуден, арандатушылықтан, кеңес беруден болған қылмыстар; және | criminal offences involving collusion, incitement, consulting in respect of Tax Evasion or securing Tax Evasion; and |
| iii | преступлений, путем вовлеченности или соучастия в совершении преступления, состоящего в том, что какое-либо лицо сознательно совершает или предпринимает шаги в целях мошеннического уклонения от уплаты налогов (в совокупности – «Содействие уклонению от уплаты налогов»); | салық төлеуден айлакерлік жалтару мақсатында қандай болсын тұлға саналы түрде қадамдар жасайтын немесе әрекет ететін қылмыс жасауға еліктіргендік немесе қатысушылық жолымен болған қылмыстар (жиынтықта – «Салық төлеуден жалтаруға көмектесу»); | criminal offences committed through involvement or participation in offences constituted by conscious commitment of or attempt to commit fraudulent tax evasion (collectively, «Tax Evasion Facilitation»); |
| d) | Такая Сторона обязуется незамедлительно известить другую Сторону в письменном виде, в случае если: | мұндай Тарап келесі жағдайда жазбаша түрде екінші Тарапқа жедел хабарлауы тиіс: | the Party shall promptly notify the other in writing if: |
| i | такой Стороне станет известно, что она или любое из ее Связанных лиц совершило преступление по Уклонению от уплаты налогов или по Содействию | мұндай Тарапқа оның немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенінің салық төлеуден жалтаруға Көмектесу бойынша немесе салық төлеуден | such Party becomes aware that it or any of its Associated Persons has committed a Tax Evasion Offence or a Tax Evasion Facilitation Offence (jointly, the «Offences»); or |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | уклонению от уплаты налогов (вместе – «Преступления»); и | Жалтару бойынша қылмыс жасағаны мәлім болса (бірге – «Қылмыстар»); және | |
| ii | такая Сторона или любое из ее Связанных лиц становится объектом любого расследования, разбирательства или исполнительного производства, осуществляемого любым правительственным, административным или регулирующим органом в отношении любого Преступления, или существует угроза любого такого расследования или ожидается любое такое расследование, а также сотрудничать с другой Стороной по любым внутренним проверкам или официальным расследованиям, проводимым другой Стороной по таким вопросам; и | мұндай Тарап немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгені кез-келген Қылмысқа қатысты кез-келген үкіметтік, әкімшілік немесе реттеуші органның жүзеге асыратын кез-келген тергеу, істі қарау немесе атқару өндірісі нысаны болса, немесе кез-келген мұндай тергеу қаупі болса немесе кез-келген мұндай тергеу күтілсе, сондай-ақ мұндай мәселелер бойынша екінші Тараппен жүргізілетін кез-келген ішкі тексерулер немесе ресми тергеулер бойынша екінші Тараппен бірге қызмет жасауы тиіс; және | such Party or any of its Associated Persons becomes the subject of any investigation, inquiry or enforcement proceedings by any governmental, administrative or regulatory body regarding any of the Offences, or any such investigation is threatened or pending, as well as to cooperate with the other Party on any internal audits or official investigations conducted by the other Party on such matters; and |
| e) | у такой Стороны внедрены основанные на оценке риска достаточные и эффективные внутренние процедуры (включая, без ограничения, соответствующие политики, процедуры утверждения, обучение и мониторинг), обеспечивающие соблюдение ее Связанными лицами Законов о налогообложении и предотвращающие совершение Преступлений. | мұндай Тарапта Қылмыстар жасауды болдырмайтын және Салық салу туралы заңдарды оның Байланысты тұлғаларымен сақтауды қамтамасыз ететін, тәуекелді бағалауға негізделген жеткілікті және тиімді ішкі рәсімдер (мұнымен шектелмей, сәйкес саясаттарды, бекіту рәсімдерін, оқытуды және мониторингті қоса) енгізілген. | such Party has implemented risk-based, sufficient and efficient internal procedures (including, without limitation, relevant policies, approval procedures, training and monitoring) that ensure compliance of its Associated Persons with Tax Laws and prevent the committing of Offences. |
| 16.12 | Стороны соглашаются, что их бухгалтерские книги, записи и счета должны точно отражать все обязательства по налогам, сборам и платежам в отношении транзакций по настоящему Договору. | Тараптар олардың бухгалтерлік кітаптары, жазбалары және шоттары осы Шарт бойынша транзакцияларға қатысты салықтар, алымдар және төлемдер бойынша барлық міндеттемелерді нақты көрсетуі тиіс екеніне келіседі. | The Parties agree that their books, records and all accounts shall accurately reflect any and all tax and duty liabilities and payments in respect of transactions under this Purchase Order. |
| 16.13 | Каждая Сторона соглашается с тем, что она не совершит каких-либо действий, которые приведут к совершению Преступлений другой Стороной, а также обязуется возместить другой Стороне любые штрафные санкции, убытки, издержки (включая, без ограничений, судебные издержки) и прочие расходы, понесенные другой Стороной в результате любого из Преступлений, совершенных вовлеченной Стороной или любым из ее Связанных лиц. | Әрбір Тарап екінші Тараптың Қылмыстарды жасауға итермелейтін қандай да болсын әрекеттерді жасамайтынымен келіседі, сондай-ақ тартылған Тараппен немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенімен жасалған кез-келген Қылмыстар нәтижесінде екінші Тарап артқан кез-келген айыппұл санкцияларын, залалдарды, ұсталымдарды (шектеусіз сот ұсталымдарын қоса) және өзге шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндеттенеді. | Each Party agrees that it shall commit no action which would cause the other Party to commit an Offence and shall indemnify the other Party against any fines, damages, costs (including but not limited to legal fees), losses, liabilities, fees, penalties and expenses incurred by the other Party as a result of any of the Offences committed by the Party involved or any of its Associated Persons. |
| 16.14 | Несоблюдение любой из Сторон какой-либо части данного раздела представляет собой существенное нарушение настоящего Договора, позволяющее другой Стороне немедленно расторгнуть Договор и/или отказаться от него. Покупатель оставляет за собой право отказать в размещении заказа или в его выполнении, отменить любой заказ по своему собственному усмотрению и отказаться от совершения любых выплат по настоящему Договору, если Покупатель сочтет, что другая Сторона нарушила какую-либо часть настоящего раздела. | Кез келген Тараптың осы бөлімнің қандай да бір бөлімін сақтамауы екінші Тарапқа Шартты дереу бұзуға және/немесе одан бас тартуға мүмкіндік беретін осы Шартты айтарлықтай бұзу болып табылады. Егер Сатып алушы екінші Тарап осы бөлімнің қандай да бір бөлігін бұзды деп есептесе, Сатып алушы өзіне тапсырысты орналастырудан немесе оны орындаудан бас тарту, өзінің қарауы бойынша кез келген тапсырысты жою және осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді жасаудан бас тарту құқығын қалдырады. | Failure by either Party to comply with any part of this Section represents a material breach of this Purchase Order, allowing the other Party to terminate or repudiate the Purchase Order immediately. The Buyer reserves the right to refuse to enter into or to perform any order, to cancel any order at its sole discretion, and to refuse to make any payment under this Purchase Order if the Buyer believes that the Supplier has failed to comply with any part of this section. |

## 17 УСЛУГИ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ ПОСТАВЩИКА НА РАБОЧЕЙ ПЛОЩАДКЕ, ВИЗЫ И УДЕРЖАНИЕ НАЛОГОВ / ЖЕТКІЗУШІ ӨКІЛІНІҢ ЖҰМЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ, ВИЗАЛАР ЖӘНЕ САЛЫҚТАР ҰСТАУ / SUPPLIER REPRESENTATIVE SITE SERVICES, VISAS AND TAX WITHHOLDING

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17.1 | От Поставщика может потребоваться предоставление Покупателю технического надзора и технической поддержки на Рабочей Площадке либо в других указанных местах, помощи Покупателю в ходе монтажа, пусконаладки, приемочных испытаний, запуска и | Жеткізушіден Сатып алушыға Жұмыс алаңында немесе басқа көрсетілген жерлерде техникалық қадағалау мен техникалық қолдау көрсету, Сатып алушыға осы Жеткізу шарты бойынша жеткізілген Тауарларды монтаждау, іске қосу-баптау, қабылдау | The Supplier may be required to supply technical supervision and support at the Site, or other designated locations, to assist the Buyer with the installation, commissioning, acceptance testing, start-up and operation of the Goods supplied under this Purchase Order and training |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | эксплуатации Товаров, поставленных по настоящему Договору Поставки, обучения персонала и подтверждения гарантий. Если иное не указано в Деталях Заказа или Особых условиях, данные услуги, наряду с соответствующими условиями, будут определены в отдельном соглашении. Поставщик согласен предоставить надлежащий опытный, квалифицированный и сертифицированный персонал для оказания запрошенной поддержки. Поставщик обязуется письменно уведомить Покупателя о предстоящем прибытии его сотрудников и/или привлеченных им третьих лиц не позднее чем за 10 (десять) рабочих дней до даты такого прибытия. | сынақтары, іске қосу және пайдалану барысында көмек көрсету, қызметкерлерді оқыту және кепілдіктерді растау талап етілуі мүмкін. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Ерекше талаптарда басқасы көрсетілмесе, осы қызметтер тиісті талаптармен бірге жеке келісімде анықталатын болады. Жеткізуші сұратылған қолдауды көрсету үшін тиісті дәрежедегі тәжірибелі, білікті және сертификатталған қызметкерлерін ұсынуға келісімін береді. Жеткізуші Сатып алушыға оның қызметкерлерінің және/немесе ол тартқан үшінші тұлғалардың алдағы уақытта келуі туралы осындай келетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. | including warranty validation. Unless stated otherwise in the Order Details or the Special Terms and Conditions, these services, along with applicable terms and conditions, will be defined in a separate agreement. The Supplier agrees that it shall supply suitable experienced, qualified and certified personnel to assist as requested. The Supplier undertakes to notify the Buyer in writing of the upcoming arrival of its employees and/or third parties involved by the former no later than 10 (ten) Business Days prior to the date of such arrival. |
| 17.2 | Если Поставка включает Услугу, то ценовая составляющая таких услуг должна быть четко определена и указана отдельно в Сумме Договора Поставки. | Егер Жеткізу Қызмет көрсетуді қоса қамтыса, онда осындай қызметтердің бағасы нақты белгіленіп, Жеткізу шартының сомасында жеке көрсетілуі тиіс. | If Supply includes a Service, the price component of such services shall be clearly identified and stated separately in the Purchase Order Price. |
| 17.3 | При этом, все расходы, связанные с проживанием и питанием сотрудников Поставщика или его представителя (ей), в том числе третьих лиц, привлеченных Поставщиком в период нахождения их на Рабочей Площадке, подлежат перевыставлению Поставщику. Поставщик обязуется в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня выставления электронной счет-фактуры возместить данные расходы Покупателю. | Бұл ретте Жеткізуші қызметкерлерінің немесе оның өкілінің (дерінің), оның ішінде Жеткізуші Жұмыс алаңында болған кезеңде тартқан үшінші тұлғалардың тұруына және тамақтануына байланысты барлық шығыстар Жеткізушіге қайта ұсынылуы тиіс. Жеткізуші электрондық шот-фактура берілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға осы шығыстарды өтеуге міндеттенеді. | In this case, all expenses related to accommodation and meals for the Supplier's employees or its representative(s), including third parties involved by the Supplier during their stay at the Site, are subject to re-charge to the Supplier. The Supplier undertakes to reimburse the Buyer for these costs within 30 (thirty) calendar days of the date of the electronic invoice. |
| 17.4 | <u>Визы работникам Поставщика, являющимся нерезидентами Республики Казахстан.</u><br>Если работнику Поставщика, являющемуся нерезидентом Республики Казахстан, требуется посетить Рабочую Площадку или другое указанное место в Казахстане, Поставщик обязан соблюдать визовые и миграционные Законы Республики Казахстан. В случае, если требования в отношении получения визы Республики Казахстан распространяются на работника Поставщика, Поставщик должен предоставить необходимую визовую поддержку. | <u>Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын Сатып алушының жұмыскерлерінің визасы</u><br>Егер Жеткізушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жұмыскері Жұмыс алаңына немесе Қазақстандағы басқа да көрсетілген орынға баруы талап етілсе, Жеткізуші Қазақстан Республикасының визалық және көші-қон заңдарын сақтауға міндетті. Егер Қазақстан Республикасының визасын алуға қатысты талаптар Жеткізушінің жұмыскеріне қолданылатын болса, Жеткізуші қажетті визалық қолдауды ұсынуы тиіс. | <u>Visas for the Supplier's employees who are non-residents of the Republic of Kazakhstan.</u><br>If an employee of the Supplier who is a non-resident of the Republic of Kazakhstan is required to visit the Site or other designated locations in Kazakhstan, the Supplier must comply with visa and migration Laws of the Republic of Kazakhstan. Where the Republic of Kazakhstan visa requirements apply to the Supplier's employee, the Supplier's representative office in the Republic of Kazakhstan must provide required visa support. |
| 17.5 | В случае нарушения Поставщиком визовых и/или миграционных Законов, включая оформление туристической визы вместо деловой, Поставщик несет ответственность в полном объеме за все возможные последствия, в том числе обязуется возместить причиненный Покупателю ущерб, включая административный штраф за нарушение миграционных Законов, расходы, связанные с задержанием и депортацией сотрудников Поставщика, неисполнением или просрочкой исполнения обязательств по настоящему Договору Поставки. | Жеткізуші іскерлік визаның орнына туристік визаны ресімдеуді қоса алғанда, визалық және/немесе көші-қон Заңдарын бұзған жағдайда, Жеткізуші барлық ықтимал салдарлар үшін толық көлемде жауап береді, соның ішінде Сатып алушыға келтірілген залалды, көші-қон Заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлды, Жеткізушінің қызметкерлерін ұстауға және депортациялауға, осы Жеткізу шарты бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе орындау мерзімін кешіктіруге байланысты шығыстарды қоса алғанда, барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді. | In case the Supplier and/ or its employees breach visa and migration Laws, including arranging a tourist visa instead of a business visa, the Supplier shall be fully responsible for all possible consequences including the obligation to reimburse damages caused to the Buyer including administrative fine for violation the migration Laws, expenses, related to custody and expulsion of Supplier's employees, failure to fulfil or delayed in performance of obligations under this Purchase Order. |
| 17.6 | <u>Налог, удерживаемый у источника выплаты.</u><br>Покупатель не несет ответственности перед Поставщиком, а Поставщик не будет выставлять Покупателю никаких требований в отношении сумм, подлежащих выплате Поставщику, которые Покупатель удержал из платежа в соответствии с требованиями Применимых Законов о налогообложении, до тех пор, пока Покупатель не освободится от всех видов Ответственности в соответствии с Применимым Законодательством в отношении суммы, удержанной таким образом, и не получит законное право выплатить сумму Поставщику. | <u>Төлем көзінен ұсталатын салық.</u><br>Сатып алушы. Жеткізушінің алдында жауап бермейді, ал Жеткізуші Сатып алушының мынадай әдіспен ұсталған сомаға қатысты Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жауапкершіліктің барлық түрлерінен босатылғанға дейін және Жеткізушіге соманы төлеу бойынша заңды құқықты алғанға дейін Сатып алушының Салық салу туралы қолданыстағы заңдардың талаптарына сәйкес төлемнен ұстап қалған Жеткізушіге төленуі тиіс сомаларға қатысты Сатып алушыға ешқандай талап қоймайды. | <u>Withholding tax at the source of payment.</u><br>The Buyer is not liable to the Supplier and the Supplier will have no claim against the Buyer in respect of any sum payable to the Supplier, which the Buyer has withheld from payment in accordance with Applicable tax Law, until the Buyer is released from or relieved of all Liability pursuant to Applicable Law in respect of the sum so withheld and is lawfully entitled to pay the sum to the Supplier. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17.7 | Сумма Договора Поставки или любая составляющая Суммы не увеличивается на сумму налога, который Покупатель обязан удержать у источника выплаты. | Жеткізу шартының сомасы немесе Соманың кез келген құрамдас бөлігі Сатып алушы төлем көзінен ұстап қалуға міндетті салық сомасына ұлғаймайды. | The Amount of the Purchase Order or any component of the Amount shall not increase by the amount of tax that the Buyer is obliged to withhold at the source of payment. |

## 18 ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА СУБПОСТАВЩИКОВ / ҚОСАЛҚЫ ЖЕТКІЗУШІЛЕР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК / RESPONSIBILITY FOR SUB-SUPPLIERS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18.1 | Поставщик несет ответственность за все действия, упущения, исполнение или неисполнение договорных условий своими Субпоставщиками в связи с Поставкой в тех же пределах, в которых Поставщик нес бы ответственность, если бы Поставщик сам совершал такие действия, упущения, исполнение или неисполнение договорных условий. Никакие виды Ответственности Поставщика согласно настоящей Статье 18 не будут отменены или уменьшены в силу того, что Покупатель согласовал какого-либо Субпоставщика или такой Субпоставщик указан в настоящем Договоре Поставки. | Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің Жеткізуге байланысты шарттық талаптар бойынша барлық іс-әрекеттері, олқылықтары, орындалуы немесе орындалмауы үшін, егер Жеткізушінің өзі осындай іс-әрекеттері, олқылықтары, шарттық талаптарды орындауы немесе орындамауы үшін қалай жауап берсе, өзі де сондай шекте жауап береді. Осы 18-бапқа сәйкес Жеткізуші жауапкершілігінің ешбір түрлері Сатып алушының қандай да бір Қосалқы жеткізушіні келіскеніне немесе осындай Қосалқы жеткізушіге осы Жеткізу шартында көрсетілгеніне байланысты жойылмайды немесе азайтылмайды. | The Supplier shall be responsible and liable for all acts, omissions, performance or non- performance by its Sub-suppliers in connection with the Supply to the same extent it would be if the Supplier had performed such acts, omissions, performance or non-performance itself. The Supplier's responsibility and Liability under this Article 18 shall not be waived or reduced as a result of the Buyer's approval of any Sub-supplier or the naming of such Sub-supplier in this Purchase Order. |

## 19 ОСМОТР, ТЕСТИРОВАНИЕ И ЭКСПЕДИРОВАНИЕ / ҚАРАП ТЕКСЕРУ, ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ / INSPECTION, TESTING & EXPEDITING

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19.1 | Поставщик несет ответственность за все виды деятельности, влияющие на качество и график поставок, включая деятельность его Субпоставщиков. Покупатель имеет право проверять процедуры Поставщика, касающиеся контроля качества. | Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің қызметін қоса алғанда, жеткізу сапасы мен кестесіне әсер ететін барлық қызмет түрлері үшін жауап береді. Сатып алушы Жеткізушінің сапаны бақылауға қатысты рәсімдерін тексеруге құқылы. | The Supplier shall be responsible for all activities affecting quality and schedule of the Supply, including those of its Sub-suppliers. The Buyer reserves the right to review the Supplier's quality assurance and quality control procedures. |
| 19.2 | Поставка подлежит тестированию, осмотру и экспедированию, которые могут проводиться в присутствии Покупателя, которому должен быть предоставлен доступ на все участки завода(ов) Поставщика или завода(ов) его Субпоставщика, участвующего в изготовлении товаров или исполнении настоящего Договора Поставки. | Жеткізілім тестілеуге, тексеруге және экспедициялауға жатады, ол Сатып алушының қатысуымен жүргізілуі мүмкін, Сатып алушыға тауарларды дайындауға немесе осы Жеткізу шартын өңдеуге қатысатын Жеткізушінің зауытының(тарының) немесе оның Қосалқы жеткізушісінің зауытының(тарының) барлық учаскелеріне кіруге рұқсат берілуі тиіс. | The Supply shall be subject to testing, inspection and expediting which may be witnessed by the Buyer who shall be granted access to all parts of the Supplier's plant(s) or its Sub-supplier's plant(s) engaged in the manufacturing or execution of this Purchase Order. |
| 19.3 | Поставщик обязан обеспечивать наличие в соответствующих заказах Субпоставщикам требований и условий, предоставляющих Покупателю и его представителям право тестирования, осмотра и экспедирования, предусмотренное в настоящем Договоре Поставки. | Жеткізуші Қосалқы жеткізушілерге тиісті тапсырыстарда Сатып алушыға және оның өкілдеріне осы Жеткзіу шартына сәйкес тестілеу, қарап тексеру және жөнелту құқығын беретін талаптар мен шарттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті. | The Supplier is obliged to ensure that relevant orders with the Sub-suppliers contain terms and conditions affording the Buyer and its representatives the right of testing, inspection and expediting, afforded in this Purchase Order. |
| 19.4 | Поставщик обязан уведомить Покупателя не менее чем за 24 (двадцать четыре) часа до даты, когда возможно проведение осмотра или тестирования. Если по какой-либо причине дата осмотра или тестирования откладывается, Поставщик должен немедленно уведомить Покупателя в письменной форме. В случае, если представители Покупателя прибудут для осмотра в соответствии с уведомлением Поставщика о готовности к осмотру и обнаружат, что Товар не готов к осмотру, Поставщик несет ответственность за все расходы и издержки персонала Покупателя или его агентов, будь то на продление визита или дополнительный визит. | Жеткізуші Сатып алушыға қарап-тексеруді немесе тестілеуді өткізу мүмкін болатын күнге дейін кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын хабардар етуге міндетті. Егер қандай да бір себептермен тексеру немесе тестілеу күні кейінге қалдырылса, Жеткізуші Сатып алушыға бұл туралы жазбаша түрде дереу хабарлауы керек. Егер Сатып алушының өкілдері Жеткізушінің тексеруге дайын екендігі туралы хабарламасына сәйкес тексеру үшін келген кезде тауардың қарап-тексеруге дайын емес екенін анықтаса, Жеткізуші Сатып алушы қызметкерінің немесе оның агенттерінің сапарды ұзарту немесе қосымша сапар жасау сияқты барлық шығындары мен шығыстары үшін жауап береді. | The Supplier shall notify the Buyer at least 24 (twenty four) hours in advance of the date when inspection or testing can be made. If for any reason the inspection or testing date is delayed, the Supplier shall advise the Buyer in writing immediately. In the event that representatives of the Buyer arrive for an inspection pursuant to the Supplier's notification of readiness and discover that the Goods are not ready for inspection, the Supplier shall be responsible for all Buyer's or Buyer's agent's personnel costs and expenses, whether for extension of the visit or for an additional visit. |
| 19.5 | Если Покупатель письменно (включая сообщение по электронной почте) указал свое намерение провести осмотр Товара, то Поставщик не имеет права отгружать Товары по настоящему | Егер Сатып алушы жазбаша түрде (электрондық пошта арқылы жіберілетін хабарламаны қоса алғанда) Тауарды қарап-тексеру ниетін көрсетсе, онда Жеткізуші Сатып алушының | If the Buyer has expressly in writing (including by email) indicated its intention to inspect the Goods, the Supplier shall not ship the Goods without either the Buyer's final written inspection approval or a written |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Договору Поставки без окончательного письменного согласования Покупателя о проведении осмотра или его письменного отказа от проведения осмотра. Нарушение Поставщиком настоящего обязательства дает Покупателю право для отказа от Поставки, при этом Поставщик несет все соответствующие затраты, связанные с возвратом Товаров. | қарап-тексеруді жүргізу туралы түпкілікті жазбаша келісімінсіз немесе оның қарап-тексеруді жүргізуден жазбаша түрде бас тартуынсыз осы Жеткізу шарты бойынша Тауарларды тиеп-жөнелтуге құқығы жоқ. Жеткізушінің осы міндеттемені бұзуы Сатып алушыға Тауарды жеткізуден бас тарту құқығын береді, бұл ретте Жеткізуші Тауарларды қайтаруға байланысты барлық тиісті шығындарды көтереді. | waiver of inspection from the Buyer. Violation of this obligation shall constitute grounds for rejection of the Supply, and any related costs for return shall be borne by the Supplier. |
| 19.6 | Поставщик обязан предоставлять полную и точную информацию касательно статуса исполнения графика Поставки. Поставщик должен своевременно и в удовлетворительной для Покупателя форме отчитываться в соответствии с инструкциями по экспедированию, которые могут быть предоставлены Покупателем. | Жеткізуші Жеткізу кестесінің орындалу барысына қатысты толық және нақты ақпаратты ұсынуға міндетті. Жеткізуші Сатып алушы ұсынуы мүмкін жөнелту жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес уақытылы және Сатып алушы үшін қанағаттанарлық нысанда есеп беруі тиіс. | The Supplier shall provide to the Buyer complete and accurate information as to the schedule status of the Supply. Supplier shall report as per expediting instructions, which may be communicated by the Buyer, in a timely way and in a form satisfactory to the Buyer. |

## 20 ВНЕСЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ В ДОГОВОР ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ / CHANGE ORDERS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20.1 | Никакие изменения и дополнения не могут вноситься или применяться к Договору Поставки, требованиям или праву требования по Договору Поставки без оформления письменного соглашения об изменении Договора Поставки путем его подписания Сторонами (**«Изменения в Договор Поставки»**). Во избежание разночтений настоящий Договор Поставки не должен изменяться или заменяться какими-либо положениями в счетах-фактурах, товарно-транспортных накладных, упаковочных накладных, квитанциях, тарифных графиках, рабочих нарядах или любых документах по продаже, подписанных или подтвержденных Покупателем. | Тараптардың оған қол қоюы арқылы Жеткізу шартын өзгерту туралы жазбаша келісімді ресімдемей, Жеткізу шартына, талаптарға немесе Жеткізу шарты бойынша талап ету құқығына ешқандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді немесе қолданылмайды (**"Жеткізу шартына өзгертулер енгізу"**). Әртүрлі оқылуларды болғызбау үшін осы Жеткізу шарты Сатып алушы қол қойған немесе растаған шот-фактураларда, тауар-көлік жүккұжаттарында, буып-түю жүккұжаттарында, түбіртектерде, тарифтік кестелерде, жұмыс нарядтарында немесе сату жөніндегі кез келген құжаттарда қандай да бір ережелермен өзгертілмеуі немесе ауыстырылмауы тиіс. | No modifications shall be made or apply to the Purchase Order or to the requirements or entitlements under this Purchase Order without a written amendment agreement to the Purchase Order signed by the Parties (the **"Change Order").** For the avoidance of doubt, this Purchase Order shall not be amended or superseded by any provisions in invoices, bills of lading, packing slips, receipts, rate schedules, work tickets or any other transportation or sales documents, whether signed or acknowledged by the Buyer. |
| 20.2 | Стороны вправе предложить дополнить или изменить Поставку или право требования по настоящему Договору Поставки. Если предложение принято сторонами, Покупатель и Поставщик должны прийти к взаимному соглашению о внесении изменений, учитывающих интересы обеих Сторон, в Сумму Договора Поставки и/или Согласованную дату(ы) Доставки для того, чтобы отразить последствия предложенного дополнения или изменения. Поставщик не должен выполнять никакие предложенные изменения до тех пор, пока Стороны не подпишут Изменения в Договор Поставки, вводящие в действие такие изменения, или пока Поставщик не получит иные конкретные указания в письменном виде со стороны Покупателя о применении изменений до подписания Изменений в Договор Поставки. | Тараптар осы Жеткізу шарты бойынша Жеткізуді немесе талап ету құқығын толықтыруды немесе өзгертуді ұсынуға құқылы. Егер ұсынысты тараптар қабылдаса, Сатып алушы мен Жеткізуші ұсынылған толықтырудың немесе өзгертудің нәтижелерін көрсету үшін Жеткізу шарты Сомасына және/немесе Келісілген жеткізу күніне (күндеріне) екі Тараптың мүдделерін ескеретін өзгертулер енгізу туралы өзара келісімге келуі тиіс. Жеткізуші Тараптар Жеткізу шартына осындай өзгерістерді енгізетін Өзгертулерге қол қойғанға дейін немесе Жеткізуші Жеткізу шартына енгізілетін өзгерістерге қол қойғанға дейін Сатып алушы тарапынан өзгерістерді қолдану туралы жазбаша түрде өзге нақты нұсқауларды алғанға дейін ұсынылған ешбір өзгерістерді орындамауы тиіс. | The Parties may propose additions or modifications to the Supply or the requirements or entitlements under this Purchase Order. If accepted by the Parties, the Buyer and Supplier shall mutually agree upon an equitable adjustment to the Purchase Order Price and/or Agreed Date(s) for Delivery to reflect the effect of such proposed change. The Supplier shall not perform any proposed change unless and until the Parties have signed a Change Order implementing such change or the Supplier is otherwise specifically directed in writing by the Buyer to implement a change, pending finalization of a Change Order. |
| 20.3 | Поставка, согласно Изменениям в Договор Поставки, регулируется и исполняется в соответствии с Условиями Договора Поставки, за исключением тех случаев, когда иное в явной форме согласовано в Изменениях в Договор Поставки. | Жеткізу шартына енгізілген өзгерістерде басқасы нақты нысанда келісілген жағдайларды қоспағанда, Жеткізу шартына енгізілген Өзгертулерге сәйкес Жеткізу Жеткізу шартының талаптарына сәйкес реттеледі және орындалады. | The Supply under any Change Order shall be subject to and performed in accordance with the terms of this Purchase Order, except only as expressly agreed in such Change Order. |
| 20.4 | Вне зависимости от любых иных положений в Договоре Поставки, запрещены либо недействительны любые дополнения или изменения в Договор Поставки, предлагаемые Поставщиком после совершения Покупателем окончательного платежа согласно Договору Поставки. | Жеткізу шартындағы кез келген өзге ережелерге қарамастан, Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушы соңғы төлем жасағаннан кейін Жеткізуші ұсынған Жеткізу шартына кез келген толықтыруларды немесе өзгерістерді енгізуге тыйым салынады немесе жарамсыз болады. | Notwithstanding anything to the contrary in this Purchase Order, no additions or modifications under this Purchase Order will be allowed or valid if asserted by the Supplier after final payment under this Purchase Order. |

## 21 КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ / МҮДДЕЛЕР ШИЕЛЕНІСІ / CONFLICT OF INTEREST

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21.1 | Отсутствие конфликта. Поставщик заявляет, что, насколько ему известно, после надлежащего расследования не было обнаружено никакого конфликта интересов между текущей деятельностью Поставщика, выполняемой для любого другого заказчика, и осуществлением Поставки Покупателю, и что Поставщик не имеет никаких связей, соглашений или других деловых отношений с Аффилированными лицами и/или не является Аффилированным лицом: a) любого лица (включая, без ограничения, корпорации, университеты или другие организации); или b) любых физических лиц, будь то выступающих или не выступающих в качестве должностного лица, директора, сотрудника, консультанта, агента или представителей Покупателя, или его Аффилированных лиц, которые могут прямо или косвенно иметь интересы, противоречащие интересам Покупателя, за исключением того, что Поставщик может иметь или заключать договоры с третьими сторонами в обычном ходе своей деятельности. Поставщик должен воздерживаться от вступления в любые такие деловые отношения или связи, и должен незамедлительно уведомить Покупателя в письменной форме в случае, если Поставщик обнаружит существование любого такого конфликта интересов, который ранее был неизвестен Поставщику. | Шиеленістің болмауы. Жеткізуші өзіне мәлім болғандай тиісті тергеуден кейін Жеткізушінің кез келген басқа тапсырыс беруші үшін орындалатын ағымдағы қызметі мен Сатып алушыға Жеткізуді жүзеге асыру арасында ешқандай мүдделер шиеленісінің анықталмағанын және Жеткізушінің үлестес тұлғалармен ешқандай байланыстарының, келісімдерінің немесе басқа да іскерлік қатынастарының жоқ екенін және/немесе төмендегі тұлғалардың үлестес тұлғасы болып табылмайтынын мәлімдейді: a) кез келген тұлғаның (корпорациялар, университеттер немесе басқа да ұйымдарды қоса алғанда, шектеусіз); немесе b) лауазымды тұлға, директор, қызметкер, кеңесші, агент немесе Сатып алушының немесе оның үлестес тұлғаларының өкілдері ретінде әрекет ететін немесе әрекет етпейтін кез келген жеке тұлғаның, бұлар Сатып алушының мүдделеріне қайшы келетін мүдделерге тікелей немесе жанама ие болуы мүмкін, келесі жағдайды қоспағанда, Жеткізуші өз қызметінің әдеттегі барысында үшінші тараптармен жасалған шарттары болуы мүмкін немесе жасай алады. Егер Жеткізуші бұрын өзіне белгісіз болған кез келген осындай мүдделер шиеленісінің бар екенін анықтаса, Жеткізуші кез келген осындай іскерлік қатынастар немесе байланыс жасауды тоқтата тұруы тиіс және Сатып алушыға жазбаша нысанда дереу хабарлауы тиіс. | No Conflict. The Supplier represents that to the best of its knowledge, having made due inquiry, there is no conflict between the Supplier's current activities for any other customer and the Supply to be provided by the Supplier to the Buyer, and the Supplier has no association, agreement or other business relationship with, and/or is not an Affiliate of: any person (including without limitation corporations, universities, or other organizations); or any individuals, whether or not acting as an officer, director, employee, consultant, agent or representatives of the Buyer or its Affiliates, who may have, directly or indirectly, interests adverse to the Buyer, except that the Supplier may have or enter into contracts in the normal course of its business with third parties. The Supplier shall refrain from entering into any such business relationship or affiliation, and shall immediately notify the Buyer in writing in the event the Supplier discovers the existence of any such conflict of interest that was previously unknown to the Supplier. |
| 21.2 | Запрет на получение незаконной прибыли. Поставщик не имеет права предлагать и выплачивать какие-либо сборы, комиссионные, компенсации или какие-либо иные ценности в пользу сотрудников Компаний Покупателя или их семей и других представителей Компаний Покупателя. Поставщик должен раскрывать Покупателю информацию о любых деловых отношениях, существующих между Поставщиком и любым сотрудником Компаний Покупателя или их семьями, или любыми другими представителями Компаний Покупателя. | Заңсыз пайда алуға тыйым салу. Жеткізушінің Сатып алушының Компаниялары қызметкерлерінің немесе олардың отбасыларының және Сатып алушы Компаниялардың басқа өкілдерінің пайдасына қандай да бір алымдарды, комиссияларды, өтемақыларды немесе қандай да бір өзге құндылықтарды ұсынуға және төлеуге құқығы жоқ. Жеткізуші Сатып алушыға Жеткізуші мен Сатып алушы Компанияларының кез-келген қызметкері немесе олардың отбасылары немесе Сатып алушы Компанияларының кез-келген өкілдері арасындағы кез-келген іскерлік қатынастар туралы ақпаратты беруі керек. | No Improper Benefit. The Supplier shall not offer or pay any fee, commission, rebate or anything of value to or for the benefit of any Buyer Entities' employee or his/her family or any other representative of the Buyer Entities. The Supplier shall disclose to the Buyer any business relationship between the Supplier and any Buyer Entities' employee or his/her family or any other representative of the Buyer Entities. |

## 22 ОГРАНИЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ / ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ / LIMITS OF LIABILITY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22.1 | Вне зависимости от любых иных положений в Договоре Поставки, ни одна из Сторон ни при каких обстоятельствах не несет ответственности перед другой Стороной за любые косвенные или специальные убытки, связанные с потерей дохода, простоем производства, потерей производимой продукции, потерями в связи с незаключением договора или потерей прибыли, независимо от того, возникли ли они в результате иска по договору, деликта (в том числе халатности), ответственности за качество продукции, на основании закона или на любом другом основании. | Жеткізу шартындағы кез келген өзге ережелерге қарамастан, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жағдайда да шарт бойынша талап қою, деликт (оның ішінде немқұрайлылық), өнім сапасы үшін жауапкершілік нәтижесінде, заң негізінде немесе кез келген басқа негізде туындағанына қарамастан, табысты жоғалтуға, өндірістің тоқтап қалуына, өндірілетін өнімді жоғалтуға, шарт жасаспауға немесе пайданы жоғалтуға байланысты шығындарға байланысты кез келген жанама немесе арнайы залалдар үшін екінші Тараптың алдында жауапты болмайды. | Notwithstanding anything to the contrary in this Purchase Order, neither Party will be liable to the other Party in any circumstances for any indirect or special loss related to loss of revenue, loss of production, loss of product, loss of contract or loss of profit howsoever arising and whether in an action in contract, tort (including without limitation, negligence), product Liability, under statute, or on any other basis. |
| 22.2 | В любом случае, максимальная общая Ответственность Поставщика по всем Претензиям, вытекающим из Договора Поставки или в связи с Поставкой, не может превышать сумму, | Кез келген жағдайда Жеткізу шартынан туындайтын немесе Жеткізуге байланысты барлық Шағымдар бойынша Жеткізушінің жалпы Жауапкершілігі Сатып алушының Жеткізу шартына сәйкес | In any case, the Supplier's maximum total Liability for all Claims arising out of this Purchase Order or the Supply shall not exceed the amount payable by the Buyer for the Supply pursuant to this Purchase |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | выплачиваемую Покупателем за Поставку согласно Договору Поставки. | Жеткізілім үшін төлейтін сомасынан аспауы керек. | Order. |

## 23 СОХРАНЕНИЕ ПРАВ / ҚҰҚЫҚТАРДЫ САҚТАУ / RESERVATION OF RIGHTS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23.1 | Следующие действия Покупателя никаким образом не уменьшают и не изменяют ответственность и обязательства Поставщика согласно настоящему Договору Поставки, а также не лишают Покупателя прав в отношении Товаров, не соответствующих требованиям, и не являются приемкой Товаров и/ или Поставки, i) вне зависимости от того, мог или не мог Покупатель произвести осмотр или ранее отклонить Поставку и/или Товары, и ii) вне зависимости от осведомленности Покупателя о несоответствии, дефектности или несоблюдении требований настоящего Договора Поставки: | Сатып алушының келесі іс-әрекеттері осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушінің жауапкершілігі мен міндеттемелерін ешбір түрде төмендетпейді және өзгертпейді, сонымен қатар i) Сатып алушы қарап-тексеруді жүргізе алатынына немесе бұдан бұрын Жеткізілімді және/немесе Тауарларды қабылдамауына қарамастан және ii) Сатып алушының осы Жеткізу шарты талаптарының сәйкессіздігі, кемістігі немесе сақталмауы туралы хабардар болуына қарамастан Сатып алушыны талаптарға сәйкес келмейтін Тауарларға қатысты құқықтардан айырмайды және Тауарларды және/ немесе Жеткізуді қабылдау болып табылмайды: | The following actions of the Buyer shall in no way diminish or modify the Supplier's responsibilities or obligations under this Purchase Order, nor impair the Buyer's rights in relation to Non-conforming Goods, nor be deemed to constitute acceptance of the Supply and/or Goods notwithstanding i) the Buyer's opportunity to inspect or earlier reject the Supply and/or Goods, and ii) the Buyer's knowledge of the non-conformity, defect or non-compliance with the requirements of this Purchase Order: |
| a) | проверка и приемка чертежей (которые не могут необоснованно удерживаться); | сызбаларды тексеру және қабылдау (оларды негізсіз ұстауға болмайды); | review and acceptance of drawings (which shall not be unreasonably withheld); |
| b) | осуществление или неосуществление осмотра Товаров; | Тауарларға тексеру жүргізуі немесе жүргізбеуі; | inspection or failure to inspect the Goods; |
| c) | присутствие при тестировании или отказ от присутствия при тестировании; | тестілеу кезінде болуы немесе тестілеу кезінде қатысудан бас тартуы; | witnessing of tests or waiving the witnessing of tests; |
| d) | утверждение протестированных, осмотренных или отгруженных позиций, или | тексерілген, қаралған немесе жөнелтілген позицияларды бекіту, немесе | approval of items tested, inspected or shipped, or |
| e) | совершение оплаты любой суммы за Поставку. | Жеткізу үшін кез келген соманы төлеуі. | payment of any sums for the Supply. |

## 24 ПРАВО УДЕРЖАНИЯ И ОБРЕМЕНЕНИЕ ИМУЩЕСТВА / ҰСТАП ҚАЛУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МҮЛІККЕ АУЫРТПАЛЫҚ САЛУ / LIENS AND ENCUMBRANCES ON PROPERTY

| | | | |
|---|---|---|---|
| c) | Рассмотрение чертежей и других документов и их последующее утверждение Покупателем или Представителем Покупателя не освобождает Поставщика от ответственности за точность габаритных размеров, производительность, дизайн, деталей дизайна, соответствие спецификациям и всем другим требованиям Договора Поставки. При любой неточности в данных производителя, которая приведет к тому, что Покупателю понадобится выполнить какие-либо дополнительные работы, стоимость таких работ будет взыскана с Поставщика. | Сатып алушының немесе Сатып алушы өкілінің сызбалар мен басқа құжаттарды қарауы және оларды кейіннен бекітуі Жеткізушіні жалпы өлшемдердің дәлдігі, өнімділігі, дизайны, дизайн бөлшектері, техникалық сипаттамаларға және Жеткізу шартының барлық басқа талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершіліктен босатпайды. Өндірушінің деректерінде кез-келген дәлсіздік болған жағдайда Сатып алушыға қосымша жұмыстарды орындау қажет болады, мұндай жұмыстардың құны Жеткізушіден өтеліп алынады. | Review of drawings and other documents and their subsequent approval by the Buyer or the Buyer's Representative does not relieve the Supplier of the responsibility for accuracy of dimension, performance, design, design details, conformance to the specifications and all other requirements of the Purchase Order. Any inaccuracy in the vendor data that causes the Buyer extra work will be charged to the Supplier. |

## 11 ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ И РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ СЛУЧАЙНОГО ПОВРЕЖДЕНИЯ ТОВАРОВ / МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫП АЛУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ ТӘУЕКЕЛІ / TITLE AND RISK OF ACCIDENTAL LOSS OR DAMAGE TO THE GOODS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11.1 | Передача права собственности от Поставщика Покупателю на все Товары наступает на наиболее раннюю из следующих дат: | Барлық тауарларға меншік құқығын Жеткізушіден Сатып алушыға беру келесі күндердің алғашқы күнінен басталады: | Passage of title from the Supplier to the Buyer on the Goods will be the earlier of: |
| a) | Передача владения; или | Иелену құқығын беру; немесе | Transfer of custody; or |

| | | | |
|---|---|---|---|
| b) | оплата Суммы (за вычетом удержания, разрешенного в соответствии со Статьями 6, 8 и 13.2), при том что Передача владения означает только физическое владение Товарами. | Соманы төлеу (6, 8 және 13.2-баптарға сәйкес рұқсат етілген ұстап қалуды шегергенде), бұл ретте Иелену құқығын беру Тауарларды тек жеке иеленуді білдіреді. | payment of the Price (less any retention permitted pursuant to Articles 6, 8 and 13.2), whereby Transfer of Custody denotes only a physical custody of the Goods. |
| 11.2 | Настоящая Статья так же применима к Поставкам Частями и /или к частичной оплате Суммы за часть Товаров. | Осы Бап сонымен бірге Бөліп жеткізуге және/ немесе Тауардың бір бөлігі үшін Соманы ішінара төлеуге де қолданылады. | This Article also applies to Partial Deliveries and/or to partial payment of Price for a part of the Goods. |
| 11.3 | Поставщик обязан незамедлительно возместить за свой счет любые убытки или ущерб, каким бы образом они ни были причинены Товарам, до того, как риск случайной гибели или случайного повреждения перейдет к Покупателю в соответствии с Условиями Поставки. Риск случайной гибели или случайного повреждения по каждой позиции Поставки переходит к Покупателю в дату Передачи Владения. До момента перехода риска случайной гибели или риска случайного повреждения Товаров от Поставщика к Покупателю, Поставщик обязан за свой счет застраховать Товары на стоимость их полного восстановления и по требованию Покупателя предоставить ему соответствующий действующий страховой полис. | Жеткізуші кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізу талаптарына сәйкес Сатып алушыға өткенге дейін Тауарларға қандай да бір жолмен келтірілген кез келген залалды немесе зақымдануды дереу өз есебінен өтеуге міндетті. Әрбір Жеткізу позициясы бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға Меншік құқығын берген күні өтеді. Тауарлардың кездейсоқ жойылу қаупі немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізушіден Сатып алушыға ауысқанға дейін Жеткізуші өз есебінен тауарларды толық қалпына келтіру құнына сақтандыруға және Сатып алушының талабы бойынша оған тиісті қолданыстағы сақтандыру полисін беруге міндетті. | The Supplier shall promptly make good at its cost any loss or damage, howsoever caused, to the Goods before the risk of loss therein has passed to the Buyer in accordance with the Delivery Terms. Risk of loss in each item of the Goods shall pass to the Buyer on the date of Transfer of Custody. The Supplier shall, at its own cost, insure the Goods for their full replacement value while they are at its risk and shall provide the Buyer with a certificate confirming the validity of the relevant insurance policy on request. |
| 11.4 | Если Поставщик устраняет дефекты в Товарах на Рабочей Площадке или увозит их с Рабочей Площадки для устранения дефектов, то риск случайной гибели или риска случайного повреждения по таким Товарам переходит к Поставщику, когда начинается работа по устранению дефектов или физическое владение Товарами переходит Поставщику, в зависимости от того, что происходит раньше, до тех пор, пока устранение дефектов на Рабочей Площадке не будет завершено или Товары не будут возвращены и безопасно переустановлены, в зависимости от применимости, после чего риск случайной гибели или риска случайного повреждения снова перейдет к Покупателю. | Егер Жеткізуші Тауарлардағы ақауларды Жұмыс алаңында жойса немесе ақауларды жою үшін оларды Жұмыс алаңынан алып кететін болса, онда мұндай Тауарлар бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі ақауларды жою бойынша жұмыс басталған кезде Жеткізушіге өтеді немесе Жұмыс алаңындағы ақауларды жою аяқталғанға дейін немесе Тауарлар қайтарылып, қауіпсіз қайта орнатылғанға дейін Тауарларға физикалық иелік ету Жеткізушіге өтеді, содан кейін олардың қолданылатынына байланысты кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға қайта өтетін болады. | If the Supplier rectifies the Goods at the Site, or removes them from the Site for rectification, the risk of accidental loss or risk of accidental damage in such Goods shall pass to the Supplier when the work of rectification commences or the Supplier takes physical custody of the Goods, whichever is the earlier, until the rectification at Site is complete or the Goods are returned to and are safely reinstalled, as the case may be, whereupon risk of accidental loss or risk of accidental damage will pass again to the Buyer. |

## 12 ПРИЕМКА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУДІ ҚАБЫЛДАУ / ACCEPTANCE OF SUPPLY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12.1 | Выдача Покупателем или его перевозчиком Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) или подписание Покупателем Акта доставки Товаров (Передача владения) подтверждает только передачу владения определенным количеством отправленных грузов и доставку/получение Товара в Пункте Поставки и не служит подтверждением того, что Поставка была осуществлена в полном соответствии с Договором Поставки. | Сатып алушының немесе оның тасымалдаушысының Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) беруі немесе Сатып алушының Тауарларды жеткізу актісіне қол қоюы (Иеленуді табыстау) жөнелтілген жүктердің белгілі бір санына иелік етуді және Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізуді/алуды ғана растайды және Жеткізілімнің Жеткізу шартына сәйкес толық жүзеге асырылғанын растамайды. | Issue of the Forwarder's Certificate of Receipt (FCR) by the Buyer or its carrier or signing of a Delivery Note by the Buyer (Transfer of custody) only confirms transfer of custody of the quantity of the consignments and delivery/receipt of the Goods at the Delivery Point and does not serve as a confirmation that the Supply was performed in full accordance with the Purchase Order. |
| 12.2 | Приемка Товара по **количеству** составляет 14 (четырнадцать) календарных дней с даты поставки Товара в Пункт Поставки, в течение которого Покупатель должен отправить Поставщику подтверждение или отчет об излишках/нехватке Товара (Акт несоответствия). Датой приемки Товара считается дата прибытия Товара, указанная в товарной накладной, заверенной печатью склада Покупателя. | **Саны** бойынша Тауарды қабылдау Тауарды Жеткізу пунктіне жеткізген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күнді құрайды, сол уақыт ішінде Сатып алушы Жеткізушіге Тауардың артық шығуы/жетпей қалуы туралы растауды немесе есепті (Сәйкессіздік актісін) жіберуге тиіс. Сатып алушының қоймасының мөрімен расталған тауар жүккұжатында көрсетілген Тауардың келген күні Тауарды қабылдау күні болып есептеледі. | Acceptance of the Goods by **quantity** is 14 (fourteen) calendar days from the date of delivery of the Goods to the Delivery Point, during which the Buyer shall send the Supplier a confirmation or report on the excess / shortage of the Goods (Non-Conformity acts). The date of acceptance of the Goods is the date of arrival of the Goods, indicated in the consignment note, certified by the seal of the Buyer's warehouse. |
| 12.3 | Если какие-либо Товары, поставленные Покупателю, не соответствуют спецификациям, указанным в Статьях 7, 8 и 9 (включая соответствие по полноте, ассортименту, качеству), или | Егер Сатып алушыға жеткізілген қандай да бір Тауарлар 7, 8 және 9-баптарда көрсетілген ерекшеліктерге (толықтығы, ассортименті, сапасы бойынша сәйкестікті қоса алғанда) сәйкес келмесе немесе | If any Goods delivered to the Buyer do not comply with the specifications indicated in the Articles 7, 8 and 9 (including conformity in completeness, assortment, quality), or are otherwise not in |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | иным образом не соответствуют Условиям Договора Поставки (далее – **«Товары, не соответствующие требованиям»**), то, без ограничения любого другого права или средства защиты, предоставленных Покупателю согласно Договору, Покупатель обязан предоставить Поставщику Уведомление о дефектах, при этом Покупатель вправе: | Жеткізу шартының талаптарына (бұдан әрі – **«Талаптарға сәйкес келмейтін тауарлар»**) басқаша түрде сәйкес келмесе, онда Шартқа сәйкес Сатып алушыға берілген кез келген басқа құқық немесе қорғау құралдарын шектеместен, Сатып алушы Жеткізушіге Ақаулар туралы хабарлама беруге міндетті, бұл ретте Сатып алушы төмендегілерге құқылы: | conformity with the Terms of the Purchase Order (**«the Non-conforming Goods»**), then, without limiting any other right or remedy that the Buyer may have under the Purchase Order, the Buyer shall provide to the Supplier a Notice of defects and the Buyer is entitled to: |
| a) | отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика отремонтировать или заменить непринятые Товары за счет Поставщика в течение 5 (пяти) Рабочих Дней после получения соответствующего Уведомления Покупателя или в течение другого периода времени, согласованного Сторонами в письменном виде. В таком случае Поставщик обязан предпринять самые быстрые меры (включая, без ограничений, изъятие, вывоз, упаковку, транспортировку в обе стороны и повторную установку) для устранения дефектов или недостатков; или | Сатып алушының тиісті Хабарламасын алғаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күні ішінде немесе Тараптар жазбаша түрде келіскен басқа уақыт кезеңі ішінде мұндай Тауарлардан бас тартуына және Жеткізушінің есебінен Жеткізушіден қабылданбаған тауарларды жөндеуін немесе ауыстыруын талап етуіне болады. Мұндай жағдайда Жеткізуші ақауларды немесе кемшіліктерді жою үшін шұғыл шараларды (қайтарып алуды, әкетуді, буып-түюді, екі жаққа тасымалдауды және қайта орнатуды қоса алғанда) қолдануға міндетті; немесе | reject those Goods and require the Supplier to repair or replace the rejected Goods at the Supplier's risk and expense within 5 (five) Business Days of being requested to do so or within a different timeframe agreed to by the Parties in writing. In such case, the Supplier is obliged to undertake the fastest possible measures (including without limitation removal, packing, inbound and outbound transportation and reinstallation) to correct defects or deficiencies; or |
| b) | отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика возмещения стоимости непринятых Товаров в полном объеме (независимо от того, требовал ли ранее Покупатель от Поставщика ремонт или замену непринятых Товаров) и забор непринятого Товара с Рабочей Площадки до указанной даты. Дополнительно, в таком случае, Покупатель вправе выставить Поставщику счёт по затратам i) за ответственное хранение Товара с даты Уведомления о дефектах и до даты забора Товара Поставщиком из расчета 1,00 (один) доллар США за один квадратный метр с учётом НДС в сутки, и, ii) после указанной Покупателем даты, за обратную доставку или утилизацию Товара, организованную Покупателем (включая за применимые таможенные и налоговые расходы и платежи); и/или | мұндай тауарлардан бас тартуға және Жеткізушіден қабылданбаған Тауарлардың құнын толық көлемде өтеуді (Сатып алушы бұрын Жеткізушіден қабылданбаған Тауарларды жөндеуді немесе ауыстыруды талап еткеніне қарамастан) және қабылданбаған тауарды жұмыс алаңынан көрсетілген күнге дейін алуды талап етуге құқылы. Қосымша, мұндай жағдайда, Сатып алушы Жеткізушіге шығындар бойынша шот ұсынуға құқылы: i) ақаулар туралы хабарланған күннен бастап және Жеткізуші Тауарды алған күнге дейін ҚҚС-ны ескере отырып, тәулігіне бір шаршы метр үшін 1,00 (бір) АҚШ доллары есебінен және, ii) Сатып алушы көрсеткен күннен кейін, Сатып алушы ұйымдастырған Тауарды кері жеткізу немесе кәдеге жарату үшін (қолданылатын кедендік және салықтық шығыстар мен төлемдерді қоса алғанда); және/немесе | reject those Goods and require the Supplier to repay the price of the rejected Goods in full (whether or not the Buyer has previously required the Supplier to repair or replace the rejected Goods) and to collect the rejected Goods from Site by a specified date. In addition, in such case, the Buyer is entitled to invoice the Supplier for the costs of (i) the custody of the Goods from the date of the Notice of defects to the date of collection of the Goods by the Supplier at the rate of USD 1.00 (one) per square meter per day, inclusive of VAT, and (ii) after the date specified by the Buyer, for return delivery or disposal of the Goods arranged by the Buyer (including for applicable customs and tax expenses and charges); and/or |
| c) | с учетом Статьи 23, воспользоваться средствами правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13. | 23-бапты ескере отырып, 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарын пайдалануына болады. | subject to Article 23, claim remedies from the Supplier in accordance with Article 13. |
| 12.4 | В случае, если какие-либо скрытые дефекты обнаружены в процессе использования Товаров, которые не были обнаружены Сторонами в ходе приемки, Покупатель самостоятельно составляет соответствующий Отчет о скрытых дефектах и согласует с Поставщиком сроки и метод устранения таких скрытых дефектов. Любые дефекты Товаров должны быть устранены силами и за счет Поставщика. Если Поставщик не исправляет скрытый дефект в согласованный период времени и/или к удовлетворению Покупателя, Покупатель имеет право на средства правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13. | Егер қабылдау барысында Тараптар анықтай алмаған және Тауарларды пайдалану процесінде қандай да бір жасырын ақаулар анықталған жағдайда, Сатып алушы Жасырын ақаулар туралы тиісті есепті өз бетінше жасайды және Жеткізушімен осындай жасырын ақауларды жою мерзімдері мен әдісін келіседі. Тауарлардың кез келген ақаулары Жеткізушінің күшімен және есебінен жойылуы тиіс. Егер Жеткізуші келісілген уақыт кезеңінде жасырын ақауды түзетпесе және/немесе Сатып алушыны қанағаттандырмаса, Сатып алушы 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарына құқылы болады. | In the event any latent defects are found during use of the Goods, which have not been detected by the Parties in the course of acceptance, the Buyer shall draw up a corresponding Latent Defects Report and agree the time frames and remedy for elimination of latent defects with the Supplier. All and every defect of the Goods shall be eliminated using the Supplier's resources and at the Supplier's cost. If the Supplier fails to correct the latent defect in the agreed time period and/or to the satisfaction of the Buyer, the Buyer shall have the right to remedies from the Supplier in accordance with Article 13. |
| 12.5 | В случае недопоставки Поставщик обязан в течение согласованного периода времени после получения соответствующей претензии Покупателя и на усмотрение Покупателя: | Тауар жеткіліксіз жеткізілген жағдайда, Жеткізуші Сатып алушының тиісті талап-арызын алғаннан кейін және Сатып алушының қалауы бойынша келісілген уақыт кезеңі ішінде төмендегілерге міндетті: | In the event of short delivery, the Supplier shall within the agreed timeframe upon receipt of the Buyer's respective claim and at the Buyer's discretion: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| a) | Поставить за счет Поставщика и с помощью ресурсов Поставщика (включая расходы по транспортировке) недостающие товары; или | Жеткізушінің есебінен және Жеткізуші ресурстарының көмегімен (тасымалдау жөніндегі шығыстарды қоса алғанда) жетіспейтін тауарларды жеткізуге; немесе | Deliver at the Supplier's own expense and using the Supplier's resources (including all transportation costs) those items missing; or |
| b) | все затраты, расходы и штрафы, которые должны были быть оплачены или возмещены Поставщиком, но которые Покупатель оплатил вместо Поставщика; и | Жеткізуші төлеуі немесе өтеуі тиіс, бірақ Сатып алушы Жеткізушінің орнына төлеген барлық шығындар, шығыстар мен айыппұлдар; және | all costs, expenses and fines that should have been paid or reimbursed by the Supplier, but which the Buyer paid instead of the Supplier; and |
| c) | отозвать и изменить любой выданный, но неоплаченный счет-фактуру или оформить кредит-ноту на сумму недопоставленных Товаров и оформить соответствующую корректировку Договора Поставки путем Изменения в Договор Поставки. | кез келген берілген, бірақ төленбеген шот-фактураны кері қайтарып алуға және өзгертуге немесе жеткіліксіз жеткізілген Тауарлар сомасына кредит-нотаны ресімдеуге және Жеткізу шартын өзгерту арқылы Жеткізу шартына тиісті түзетуді ресімдеуге міндетті. | withdraw and amend any issued but unpaid invoice or issue a credit note for the amount of undelivered Goods and make a corresponding amendment to the Purchase Order by way of a Change Order. |
| 12.6 | Все Товары, полученные сверх требований Договора Поставки, подлежат возврату Поставщику за счет Поставщика, включая расходы на таможенную очистку и НДС. В тех случаях, когда Товары поставлены в отдаленное местонахождение, и, по мнению Покупателя, затраты на их возврат являются чрезмерно высокими, то, без ограничения любых других прав или средств защиты, которые может иметь Покупатель, он имеет право совершить один из следующих шагов, уместных в конкретной ситуации: | Жеткізу шартының талаптарынан тыс алынған барлық Тауарлар, кедендік тазалау және ҚҚС шығыстарын қоса алғанда, Жеткізушінің есебінен Жеткізушіге қайтарылуы тиіс. Тауарлар алыс орналасқан жерге жеткізілген жағдайда және Сатып алушының пікірі бойынша оларды қайтару шығындары тым жоғары деп есептеген жағдайда, Сатып алушының кез-келген басқа құқықтары мен қорғану құралдарын шектеместен, ол нақты жағдайға сәйкес келетін төмендегі қадамдардың бірін жасауға құқылы: | All Goods received in excess of Purchase Order requirements will be subject to return for credit at the Supplier's cost including customs clearance costs and VAT. Where Goods have been delivered to remote a location, and the cost of the return for credit is deemed by the Buyer to be prohibitive, then, without limiting any other right or remedy that the Buyer may have, the Buyer reserves the right to perform one of these steps, as appropriate: |
| a) | если излишние Товары могут быть обоснованно использованы Покупателем, то внести изменения в Договор Поставки посредством оформления Изменения в Договор Поставки, увеличив количество Товаров, для покрытия излишнего поступления, по тем же ценам и на тех же условиях, которые содержатся в Договоре Поставки при его заключении; или | егер артық Тауарларды Сатып алушы негізді түрде пайдалана алатын болса, онда тапсырысты жасаған кездегі Жеткізу шартындағы сол бағалар бойынша және сол талаптармен артық түсімді жабу үшін Тауарлардың санын көбейте отырып, Жеткізу шартына өзгерістер ресімдеу арқылы Жеткізу шартына өзгерістер енгізуге; немесе | if the excess Goods can reasonably be utilized by the Buyer, to amend the Purchase Order, by issuance of a Change Order increasing the quantity to cover the excess, at the same prices and terms and conditions that were contained in the original Purchase Order at the time of its conclusion; or |
| b) | если излишние Товары не могут быть обоснованно использованы Покупателем, то утилизировать излишние Товары, предварительно уведомив об этом Поставщика. При этом Поставщик не имеет права предъявлять к Покупателю какие-либо штрафные санкции или претензии, и обязуется возместить Покупателю расходы, понесенные им на таможенную очистку и НДС. | егер артық Тауарларды Сатып алушы негізді түрде пайдалана алмаса, онда бұл туралы Жеткізушіге алдын ала хабарлай отырып, артық Тауарды кәдеге жаратуға міндетті. Бұл ретте Жеткізушінің Сатып алушыға қандай да бір айыппұл санкцияларын немесе наразылықтарын ұсынуға құқығы жоқ және Сатып алушыға оның кедендік тазалауға және ҚҚС-ға жұмсаған шығыстарын өтеуге міндеттенеді. | if the excess Goods cannot reasonably be utilized by the Buyer, to dispose of the excess Goods, with a prior notice to the Supplier. With this regard, the Supplier has no right to levy any penalty or claim and undertakes to reimburse the Buyer for the customs clearance costs and VAT borne by the latter. |

## 13 ВОЗМЕЩЕНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ РАСХОДОВ / ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ / REMEDIES AND BACK CHARGES

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13.1 | В случае, если после получения обоснованного Уведомления от Покупателя с требованием своевременно исполнить какую-либо часть Поставки и/или своевременно исправить/допоставить какие-либо Товары, не соответствующие требованиям, Поставщик не способен исполнить, не исполняет или отказался исполнить требования Покупателя, указанные в Уведомлении, Покупатель имеет право, в дополнение к любому другому праву, которое есть у Покупателя согласно настоящему Договору Поставки: | Егер Жеткізуші Сатып алушыдан Жеткізілімнің қандай да бір бөлігін уақытылы орындау және/немесе талаптарға сәйкес келмейтін қандай да бір Тауарларды уақытылы түзету/ толық жеткізу талабымен негізделген Хабарламаны алғаннан кейін Сатып алушының Хабарламада көрсетілген талаптарын орындай алмаса, орындамаса немесе орындаудан бас тартса, Сатып алушы Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушының кез-келген басқа құқығына қосымша құқылы: | Where, after a receipt of a reasonable Notice from the Buyer with a claim to deliver any portion of the Supply and/or rectify/deliver any non-conforming Goods a timely manner, the Supplier is unable to fulfill, does not fulfill, or refuses to fulfill the Buyer's requirements specified in the Notice, the Buyer shall have the right, in addition to any other right the Buyer has under this Purchase Order: |
| a) | приобрести такие Товары из другого источника; или | осындай Тауарларды басқа көзден сатып алу; немесе | to replace such Goods from another source; or |
| b) | исправить дефекты в Товарах или дополнить такую Поставку самостоятельно или с привлечением любого | Тауарлардағы ақауларды түзету немесе осындай Жеткізілімді өз бетінше немесе кез келген басқа тұлғаны | to correct the defects in the Goods or complete such Supply independently or using any other person; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | другого лица; | тарта отырып, толықтыру; | |
| c) | и непосредственно удержать или зачесть вытекающие затраты и расходы из Суммы Договора Поставки согласно настоящей Статье. | және осы Бапқа сәйкес Жеткізу шартының сомасынан туындайтын шығындар мен шығыстарды тікелей ұстап қалу немесе есепке алу. | and to directly deduct or setoff the resultant cost and expenses against the Purchase Order Price in accordance with this Article. |
| 13.2 | Покупатель может вычесть из любых денежных средств, которые причитаются или становятся причитающимися Поставщику в соответствии с настоящим Договором Поставки и/или иными соглашениями с Поставщиком следующие суммы: | Сатып алушы осы Жеткізу шартына немесе Жеткізушімен жасалған басқа келісімдерге сәйкес Жеткізушіге төленуге тиісті немесе төлеуге жататын кез келген ақшалай қаражаттан келесі сомаларды ұстай алады: | The Buyer may deduct from any moneys due or becoming due to the Supplier pursuant to this Purchase Order, or other agreements with the Supplier, the following amounts: |
| a) | все задолженности и суммы к оплате Поставщиком в пользу Покупателя, включая дополнительные расходы, понесенные Покупателем для завершения Поставки или обеспечения альтернативной поставки, и другие расходы, понесенные Покупателем в результате нарушения Поставщиком Условий Договора Поставки, включая заранее оцененные убытки, описанные в Статье 6; | 6-бапта сипатталған алдын ала бағаланған залалдарды қоса алғанда, Жеткізуді аяқтау немесе баламалы жеткізуді қамтамасыз ету үшін шеккен қосымша шығыстарын және Жеткізушінің Жеткізу шартының талаптарын бұзуы нәтижесінде Сатып алушының шеккен басқа да шығыстарын қоса алғанда, Жеткізушінің Сатып алушының пайдасына төлейтін барлық берешектері мен сомалары; | all debts and moneys due from the Supplier to the Buyer including the Buyer's additional expenses incurred in completing the Supply or sourcing an alternative supply, and other expenses incurred as a result of the Supplier's breach of the Terms of the Purchase Order including the liquidated damages set out in Article 6; |
| b) | все затраты, расходы и штрафы, которые должны были быть оплачены или возмещены Поставщиком, но которые Покупатель оплатил вместо Поставщика; и | Жеткізуші төлеуі немесе өтеуі тиіс, бірақ Сатып алушы Жеткізушінің орнына төлеген барлық шығындар, шығыстар мен айыппұлдар; және | all costs, expenses and fines that should have been paid or reimbursed by the Supplier, but which the Buyer paid instead of the Supplier; and |
| c) | стоимость восстановления любых Товаров, не соответствующих требованиям, которые ниже стандарта, приемлемого для Покупателя; и | Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын стандарттан төмен талаптарға сәйкес келмейтін кез келген тауарларды қалпына келтіру құны; және | the cost of remedying any Non-conforming Goods, which are below a standard acceptable to the Buyer; and |
| d) | без ограничения прав Покупателя в соответствии с любым из положений данных Условий, если Поставщик не выполнит любое из своих обязательств в соответствии с Договором Поставки, Покупатель, вправе уведомив Поставщика удержать из оплаты всю или часть любой суммы, подлежащей выплате Поставщику в соответствии с настоящим Договором Поставки и/или в соответствии с другими соглашениями, заключенными с Поставщиком, пока данный вопрос не будет урегулирован к удовлетворению Покупателя. | егер Жеткізуші Жеткізу шартына сәйкес өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаса, Сатып алушы осы Талаптардың кез келген ережелеріне сәйкес Сатып алушының құқықтарын шектемей, Сатып алушы Жеткізушіге хабарлай отырып, осы Жеткізу шартына сәйкес және/немесе Жеткізушімен жасалған басқа келісімдерге сәйкес Жеткізушіге төленуге жататын кез келген соманың барлығын немесе бір бөлігін осы мәселені Сатып алушының қанағаттануы реттелгенге дейін төлемнен ұстап қалуға құқылы. | Without prejudice to the Buyer's rights under any provisions of these Terms and Conditions, if the Supplier fails to perform any of its obligations under the Purchase Order, the Buyer may, with notification of Supplier, withhold from payment all or part of any amount payable to the Supplier under this Purchase Order and/or in accordance with other agreements concluded with the Supplier until this matter is settled to the satisfaction of the Buyer. |
| 13.3 | Поставщик, при подписании настоящего Договора Поставки подтверждает, что ознакомлен с условиями возможного удержания сумм, причитающихся Поставщику по настоящему Договору Поставки и иным соглашениям, заключенным с Покупателем, а также дает Покупателю свое согласие на такие удержания. | Жеткізуші осы Жеткізу шартына қол қойған кезде осы Жеткізу шарты және Сатып алушымен жасалған өзге де келісімдер бойынша Жеткізушіге тиесілі сомаларды ұстап қалу мүмкіндігінің талаптарымен танысқанын растайды, сондай-ақ Сатып алушыға осындай ұстап қалуға өзінің келісімін береді. | When signing this Purchase Order, the Supplier confirms that it is aware of the conditions for the potential deduction by the Buyer of the amounts due to the Supplier under this Purchase Order and other agreements concluded with the Buyer and provides its consent to such deductions to the Buyer. |
| 13.4 | Если суммы удержания или зачета недостаточно для покрытия таких затрат и расходов, Покупатель оставляет за собой право выставить Поставщику счет-фактуру на суммы, подлежащие выплате, которые Поставщик обязан оплатить Покупателю в течение 10 (десяти) календарных дней после получения счета-фактуры от Покупателя. | Егер ұстап қалу немесе есепке жатқызу сомасы осындай шығындар мен шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Сатып алушы Жеткізушіге төленуі тиісті сомаға шот-фактура ұсыну құқығын өзіне қалдырады, оны Жеткізуші Сатып аулшыға шот-фактураны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлеуге міндетті. | If such deduction or setoff is not sufficient to cover the resultant costs and expenses, the Buyer reserves the right to invoice the Supplier for amounts due and the Supplier shall pay such invoice within 10 (ten) calendar days after receipt of the invoice from the Buyer. |
| 13.5 | В случае, если Покупатель выражает согласие на переуступку прав денежного требования по обязательствам, указанным в уведомлении о переуступке прав денежного требования, в отношении данных требований пункты настоящего Договора Поставки, касающиеся оплаты напрямую Поставщику, не действуют. | Егер Сатып алушы ақшалай талап ету құқығын қайта табыстау туралы хабарламада көрсетілген міндеттемелер бойынша ақшалай талап ету құқығын қайта табыстауға келісімін берсе, аталған талаптар бойынша осы Жеткізу шартының ақы төлеуге қатысты тармақтары тікелей Жеткізушіге қолданылмайды. | If the Buyer expresses its consent to an assignment of the rights for monetary claims on the obligations stated in the notification of assignment of monetary claim rights, the provisions of this Purchase Order concerning making payments directly to the Buyer with regard to these claims shall not be effective. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13.6 | Поставщик может запросить переуступку прав денежного требования по настоящему Договору Поставки, при условии согласия Покупателя и предоставления Поставщиком соответствующего уведомления Покупателю, подписанного Поставщиком и соответствующей факторинговой компанией. При получении уведомления о переуступке прав денежного требования от Поставщика, Покупатель рассматривает его в течение 3 (трех) рабочих дней с даты его получения и предоставляет ответ (согласие или отказ). | Жеткізуші Сатып алушының келісімі болған жағдайда және Жеткізуші мен тиісті факторингтік компания қол қойған тиісті хабарлама Сатып алушыға берілген жағдайда, осы Жеткізу шарты бойынша ақшалай талап ету құқықтарын қайта табыстауды сұрата алады. Жеткізушіден ақшалай талап ету құқығының басқаға берілгені туралы хабарламаны алған кезде Сатып алушы оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды және жауап (келісім немесе бас тарту) береді. | The Supplier can request an assignment of its rights for monetary claims under this Purchase Order, subject to the Buyer's consent and provision by the Supplier of a corresponding notification to the Buyer signed by the Supplier and a factoring company. Upon receipt of a notification on the monetary claim rights assignment from the Supplier, the Buyer shall review it within 3 (three) business days from the date of receipt and provide a reply (consent or refusal). |
| 13.7 | Поставщик не имеет права требовать исполнения обязательств в части оплаты в случае переуступки прав денежного требования, совершенной согласно Статье 13.6. | Жеткізушінің 13.6-Бапқа сәйкес жасалған ақшалай талап ету құқықтары қайта табысталған жағдайда төлем жасауға қатысты міндеттемелерді орындауын талап етуге құқығы жоқ. | The Supplier does not have a right to demand fulfilment of the obligations on payment in case of the monetary claim rights assignment done in accordance with Article 13.6. |

## 14 СЧЕТА-ФАКТУРЫ И ПЛАТЕЖИ / ШОТ-ФАКТУРАЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР / INVOICES AND PAYMENTS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14.1 | Счета-фактуры:<br>Если иное не установлено в Договоре Поставки, вместе с поставкой Товаров Поставщик обязан представить Покупателю оригинал счета-фактуры, подписанный Поставщиком, с указанием: | Шот-фактуралар:<br>Егер Жеткізу шартында басқасы белгіленбесе, Жеткізуші Тауарларды жеткізумен бірге Сатып алушыға Жеткізуші қол қойған шот-фактураның түпнұсқасын келесілерді көрсете отырып ұсынуға міндетті: | Invoices:<br>Unless otherwise agreed in the Purchase Order, upon delivery of the Goods, the Supplier must submit an original invoice signed by the Supplier to the Buyer, specifying: |
| a) | наименования, юридического адреса, банковских реквизитов, номера банковского счета и SWIFT-кода Поставщика; | Жеткізушінің атауы, заңды мекенжайы, банктік деректемелері, банктік шотының нөмірі және SWIFT-коды; | the Supplier's name, legal address, bank details, bank account number, SWIFT-code; |
| b) | соответствующего номера Договора Поставки, его даты и номера(ов) позиций поставки; | Жеткізу шартының нөмірі, күні және жеткізу позицияларының нөмірі(лері); | the relevant Purchase Order number, date and line item number(s); |
| c) | полного описания, каталожного номера позиции Поставщика и кода складской позиции Покупателя на Товар, указанный в счете-фактуре; | шот-фактурада көрсетілген Жеткізуші позициясының каталогтық нөмірі және Тауарға берілген Сатып алушының қойма позициясы кодының толық сипаттамасы; | the full description, the Supplier's part number and the Buyer's stock code of the Goods invoiced; |
| d) | количества и единиц измерения Товаров, указанных в счете-фактуре; | шот-фактурада көрсетілген Тауарлардың саны мен өлшем бірлігі; | the quantity and unit of measure of the Goods invoiced; |
| e) | подлежащей выплате Суммы Договора Поставки (указанной в Договоре Поставки или в Изменении в Договор Поставки); | Жеткізу шарты бойынша төленуі тиіс Сома (Жеткізу шартында немесе Жеткізу шартына енгізілген Өзгертулерде көрсетілген); | the Purchase Order Price payable (as set out in the Purchase Order or Change Order); |
| f) | процента и суммы скидки, если применимо; | жеңілдік пайызы және сомасы, егер қолданылса; | discount rate and value, if applicable; |
| g) | наличия или отсутствия (а при наличии, отражения соответствующих сумм) налога на продажи, таможенной пошлины, акциза или других аналогичных налогов; | сатуға салынатын салықтың, кедендік баждың, акциздің немесе басқа да осыған ұқсас салықтардың болуы немесе болмауы (болған жағдайда тиісті сомаларды көрсету); | whether there are any (and if so the respective amounts of) sales tax, customs duty, excise or other similar taxes; |
| h) | наименования, адреса и регистрационного номера Покупателя; и | Сатып алушының атауы, мекенжайлары және тіркеу нөмірі; және | the Buyer's name, address and Business Registration Number; and |
| i) | номера и даты Счета-фактуры Поставщика; | Жеткізушінің Шот-фактурасының нөмірі және күні; | the Supplier's Invoice number and date; |
| 14.2 | Счет-фактура должен соответствовать требованиям любых применимых местных законов о налогообложении, при этом любая дополнительная проверочная или подтверждающая документация, требуемая Покупателем в то или иное время, должна предоставляться Поставщиком по запросу Покупателя. | Шот-фактура салық салу туралы кез келген қолданылатын жергілікті заңдардың талаптарына сәйкес келуі тиіс, бұл ретте Сатып алушы қандай да бір уақытта талап ететін кез келген қосымша тексеру немесе растау құжаттамасын Жеткізуші Сатып алушының сұрауы бойынша ұсынуы тиіс. | Invoice shall satisfy the requirements for any applicable local tax laws and any further verification or supporting documentation, as required by the Buyer from time to time, shall be provided by the Supplier upon Buyer's request. |
| 14.3 | Инструкция по выставлению счетов-фактур:<br>Поставщик обязан предоставлять Покупателю Счет-фактуру в строгом соответствии с Инструкцией по выставлению | Шот-фактураларды ұсыну жөніндегі нұсқаулық:<br>Жеткізуші Сатып алушыға шот-фактураны 1-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес Шот-фактураларды ұсыну | Invoicing Instructions:<br>The Supplier must submit the Invoice to the Buyer in strict compliance with the Invoicing Instructions, as attached in the Exhibit 1. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | счетов-фактур, согласно Приложению-инструкции 1. | жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте беруге міндетті. | |
| 14.4 | Поставщик обязан предоставить детализацию крупных узлов Товара стоимостью 50 000,00 (пятьдесят тысяч) долларов США и более (или эквивалентно в другой валюте) и/или со сроком эксплуатации более 2 (двух) лет, по форме Приложения-инструкции 9. | Жеткізуші құны 50 000,00 (елу мың) АҚШ доллары немесе одан да көп (немесе басқа валютадағы баламалы) және/немесе пайдалану мерзімі 2 (екі) жылдан асатын Тауардың ірі тораптарының егжей-тегжейін 9-қосымша-нұсқаулық үлгісі бойынша ұсынуға міндетті. | The Supplier is obliged to provide details of major components of the Goods worth 50 000,00 (fifty thousand) US dollars or more (or equivalent in another currency) and / or with a service life of more than 2 (two) years, in the form of Exhibit 9. |
| 14.5 | Сроки оплаты: | Төлем жасау мерзімдері: | Payment Term: |
| a) | С учетом Статьи 13, Покупатель оплачивает стоимость Товаров в течение срока, указанного в Деталях Заказа, который начинается исчисляться с даты предоставления Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ), подписанного перевозчиком, и отсканированных копий Коммерческого Инвойса, счета-фактуры на оплату и упаковочного листа. Оригиналы правильно оформленных документов, включая счет-фактуру и упаковочный лист, должны быть предоставлены вместе с Товарами перевозчику, назначенному Покупателем. | 13-бапты ескере отырып, Сатып алушы Тауарлардың құнын тасымалдаушы қол қойған Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) және Коммерциялық Инвойстың сканерден өткізілген көшірмелерін, төлем шот-фактураларын және буып-түю парақтарын ұсынған күннен бастап есептелетін Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде төлейді. Шот-фактураны және буып-түю парағын қоса алғанда, дұрыс ресімделген құжаттардың түпнұсқалары Тауарлармен бірге Сатып алушы тағайындаған тасымалдаушыға берілуі тиіс. | Subject to Article 13, the Buyer shall pay the cost of the Goods within the term specified in the Order Details, which shall be counted from the date of provision of the Forwarder's Certificate of Receipt (FCR) signed by the carrier and scanned copies of the Commercial Invoice, the payment invoice and the packing list. The originals of correctly executed documents, including the invoice and the packing list, should be provided along with the Goods to the carrier, assigned by the Buyer. |
| b) | Оплата Суммы за поставленные Товары производится по реквизитам, указанным в настоящем Договоре Поставки. | Жеткізілген Тауарлар үшін төлем осы Жеткізу шартында көрсетілген деректемелер бойынша жүргізіледі. | The Price for the delivered Goods shall be paid according to the bank details specified in this Purchase Order. |
| c) | Днем оплаты считается день списания денежных средств с банковского счета Покупателя. | Сатып алушының банктік шотынан ақша қаражаты есептен шығарылған күн төлем жасалған күн болып есептеледі. | The payment day shall be the day of debiting the funds from the bank account of the Buyer. |
| 14.6 | Споры: | Даулар: | Disputes: |
| a) | Если Покупатель оспаривает какую-либо сумму или любые иные детали, указанные в Счете-фактуре, Покупатель обязан письменно известить об этом Поставщика не позднее 14 (четырнадцати) календарных дней после получения Счета-фактуры и оплатить любые суммы, не оспариваемые в соответствии с настоящей Статьей 14. | Егер Сатып алушы Шот-фактурада көрсетілген қандай да бір сомаға немесе кез келген өзге деректерге келіспесе, Сатып алушы Шот-фактураны алғаннан кейін 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы Жеткізушіге жазбаша хабарлауға және осы 14-бапқа сәйкес келісілген кез келген соманы төлеуге міндетті. | If the Buyer disputes any amount or any other detail shown on an Invoice, the Buyer must notify the Supplier within 14 (fourteen) calendar days of receipt of the Invoice and must pay any amounts not in dispute in accordance with this Article 14. |
| b) | Уплата любой суммы, являющейся предметом оспоренного Счета-фактуры, в случае добровольно принятого Покупателем решения оплатить такую сумму, не должна рассматриваться как принятие оспоренной суммы или Ответственности за осуществление этого платежа. | Келіспеген Шот-фактураның мәні болып табылатын кез келген соманы төлеу Сатып алушы осындай соманы төлеуге өз еркімен шешім қабылдаған жағдайда, келіспеген соманы қабылдау немесе осы төлемді жүзеге асырғаны үшін Жауапкершілік ретінде қарастырылмауы тиіс. | Payment of any amount which is the subject of a disputed Invoice, if the Buyer at its option chooses to make such payment, is not to be considered as an acceptance of the amount in dispute or Liability to make that payment. |
| c) | Если по фактически полученной партии Товара счет-фактура оформлен некорректно, то датой, принимаемой для расчета по оплате, будет являться дата получения корректного счета-фактуры. | Егер Тауардың нақты алынған партиясы бойынша шот-фактура дұрыс ресімделмеген болса, онда төлем бойынша есептесу үшін қабылданатын күн дұрыс электрондық шот-фактураны алған күн болып табылады. | In case the invoice for the shipment of Goods actually accepted is incorrectly submitted, then the date, considered for payment, will be the date of receipt of correct invoice. |
| d) | Оплата такого счета будет приостановлена до урегулирования спора. Срок оплаты такого счета начнется с даты, указанной в измененном счете либо с даты, когда стало ясно, что счет является правильным. Покупатель не несет ответственности за просрочку платежа по спорным счетам-фактурам. | Мұндай шотты төлеу келіспеушіліктерді реттегенге дейін тоқтатыла тұрады. Мұндай шотты төлеу мерзімі өзгертілген шотта көрсетілген күннен немесе шоттың дұрыс екені анықталған күннен басталады. Сатып алушы даулы шот-фактуралар бойынша төлем мерзімін кешіктіргені үшін жауап бермейді. | The payment of such invoice shall be suspended until such dispute is resolved. The payment term of such invoice shall start to run from the date indicated in the amended invoice or from the date when it became clear that the invoice was correct. Buyer shall not be liable for any delays in payment against any disputable invoice. |
| 14.7 | Возмещаемые позиции:<br>В отношении любых возмещаемых позиций Поставщик должен предоставить Покупателю: | Өтелетін позициялар:<br>Кез келген өтелетін позицияларға қатысты Жеткізуші Сатып алушыға төменде көрсетілгендерді беруі тиіс: | Reimbursable Items:<br>With respect of any reimbursable items, the Supplier must provide to the Buyer: |
| a) | детализированный список позиций, подлежащих | өтелуі тиіс позициялардың егжей-тегжейлі тізімі, | itemised account of the reimbursable items, including but not |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | возмещению, включая, без ограничения, их описание, артикул (при наличии), количество, единицу измерения и цену за единицу или ставку; и | олардың сипаттамасы, артикулы (бар болса), саны, өлшем бірлігі және бірлік немесе мөлшерлеме үшін бағаны қоса алғанда, шектеусіз; және | limited to the description, part number (if applicable), quantity, unit of measure, and unit price or rate; and |
| b) | полную документацию и квитанции, в соответствии с требованиями Покупателя; и | Сатып алушының талаптарына сәйкес толық құжаттама мен түбіртек; және | full documentation and receipts as directed by the Buyer; and |
| c) | предоставление документов для проведения аудита в течение 5 (пяти) лет с момента прекращения или истечения срока действия Договора Поставки в соответствии со Статьей 41. | 41-бапқа сәйкес Жеткізу шартының қолданылу мерзімі тоқтатылған немесе аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде аудит жүргізу үшін құжаттарды ұсыну. | providing the document for conducting the audit for a period of 5 (five) years from termination or expiration of the Purchase Order in accordance with Article 41. |
| 14.8 | Оплата не считается приемкой Товаров:<br>Произведенные платежи не являются подтверждением приемки Товаров, а представляют собой только оплату по счетам. | Жасалған төлем Тауарларды қабылдау болып есептелмейді:<br>Жүргізілген төлемдер Тауарлардың қабылданғанын растау болып табылмайды, тек шоттар бойынша жасалған төлемді білдіреді. | No Acceptance:<br>Payments made are not evidence of acceptance of the Goods but are to be a payment of account only. |
| 14.9 | Оплата Товаров, поставленных частями:<br>Если Товары должны быть поставлены частями (Поставка Частями), в соответствии со Статьей 10, отдельная договоренность в отношении оплаты Суммы должна быть подтверждена и согласована Сторонами. | Бөліп жеткізілген Тауарларға төлем жасау:<br>Егер тауарлар 10-бапқа сәйкес бөліп (Бөліп жеткізу) жеткізілуі тиіс болса, Соманы төлеуге қатысты жеке уағдаластық Тараптар арасында расталуы және келісілуі тиіс. | Payment for Goods delivered in instalments:<br>If the Goods are to be delivered by instalments (Partial Deliveries) in accordance with Article 10, separate arrangements with regards to payment of the Price shall be confirmed and agreed between the Parties. |
| 14.10 | Счета-фактуры за Поставку Частями должны сопровождаться Сертификатом Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) по всем международным отгрузкам. | Бөліп жеткізу үшін берілген шот-фактуралар барлық халықаралық жөнелтімдер бойынша экспедитордың жүкті алу сертификатымен (ЭЖАС) сүйемелденуі тиіс. | Invoices for Partial Deliveries shall include a Forwarder's Certificate of Receipt (FCR) for all international shipments. |
| 18.1 | Поставщик несет ответственность за все действия, упущения, исполнение или неисполнение договорных условий своими Субпоставщиками в связи с Поставкой в тех же пределах, в которых Поставщик нес бы ответственность, если бы Поставщик сам совершал такие действия, упущения, исполнение или неисполнение договорных условий. Никакие виды Ответственности Поставщика согласно настоящей Статье 18 не будут отменены или уменьшены в силу того, что Покупатель согласовал какого-либо Субпоставщика или такой Субпоставщик указан в настоящем Договоре Поставки. | Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің Жеткізуге байланысты шарттық талаптар бойынша барлық іс-әрекеттері, олқылықтары, орындалуы немесе орындалмауы үшін, егер Жеткізушінің өзі осындай іс-әрекеттері, олқылықтары, шарттық талаптарды орындауы немесе орындамауы үшін қалай жауап берсе, өзі де сондай шекте жауап береді. Осы 18-бапқа сәйкес Жеткізуші жауапкершілігінің ешбір түрлері Сатып алушының қандай да бір Қосалқы жеткізушіні келіскеніне немесе осындай Қосалқы жеткізушіге осы Жеткізу шартында көрсетілгеніне байланысты жойылмайды немесе азайтылмайды. | The Supplier shall be responsible and liable for all acts, omissions, performance or non- performance by its Sub-suppliers in connection with the Supply to the same extent it would be if the Supplier had performed such acts, omissions, performance or non-performance itself. The Supplier's responsibility and Liability under this Article 18 shall not be waived or reduced as a result of the Buyer's approval of any Sub-supplier or the naming of such Sub-supplier in this Purchase Order. |

## 19 ОСМОТР, ТЕСТИРОВАНИЕ И ЭКСПЕДИРОВАНИЕ / ҚАРАП ТЕКСЕРУ, ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ / INSPECTION, TESTING & EXPEDITING

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19.1 | Поставщик несет ответственность за все виды деятельности, влияющие на качество и график поставок, включая деятельность его Субпоставщиков. Покупатель имеет право проверять процедуры Поставщика, касающиеся контроля качества. | Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің қызметін қоса алғанда, жеткізу сапасы мен кестесіне әсер ететін барлық қызмет түрлері үшін жауап береді. Сатып алушы Жеткізушінің сапаны бақылауға қатысты рәсімдерін тексеруге құқылы. | The Supplier shall be responsible for all activities affecting quality and schedule of the Supply, including those of its Sub-suppliers. The Buyer reserves the right to review the Supplier's quality assurance and quality control procedures. |
| 19.2 | Поставка подлежит тестированию, осмотру и экспедированию, которые могут проводиться в присутствии Покупателя, которому должен быть предоставлен доступ на все участки завода(ов) Поставщика или завода(ов) его Субпоставщика, участвующего в изготовлении товаров или исполнении настоящего Договора Поставки. | Жеткізілім тестілеуге, тексеруге және экспедициялауға жатады, ол Сатып алушының қатысуымен жүргізілуі мүмкін, Сатып алушыға тауарларды дайындауға немесе осы Жеткізу шартын өндеуге қатысатын Жеткізушінің зауытының(тарының) немесе оның Қосалқы жеткізушісінің зауытының(тарының) барлық учаскелеріне кіруге рұқсат берілуі тиіс. | The Supply shall be subject to testing, inspection and expediting which may be witnessed by the Buyer who shall be granted access to all parts of the Supplier's plant(s) or its Sub-supplier's plant(s) engaged in the manufacturing or execution of this Purchase Order. |
| 19.3 | Поставщик обязан обеспечивать наличие в соответствующих заказах Субпоставщикам требований и условий, предоставляющих Покупателю и его представителям право тестирования, осмотра и экспедирования, предусмотренное в настоящем Договоре Поставки. | Жеткізуші Қосалқы жеткізушілерге тиісті тапсырыстарда Сатып алушыға және оның өкілдеріне осы Жеткзіу шартына сәйкес тестілеу, қарап тексеру және жөнелту құқығын беретін талаптар мен шарттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті. | The Supplier is obliged to ensure that relevant orders with the Sub-suppliers contain terms and conditions affording the Buyer and its representatives the right of testing, inspection and expediting, afforded in this Purchase Order. |
| 19.4 | Поставщик обязан уведомить Покупателя не менее чем за 24 (двадцать четыре) часа до даты, когда возможно проведение осмотра или тестирования. Если по какой-либо причине дата осмотра или тестирования откладывается, Поставщик должен немедленно уведомить Покупателя в письменной форме. В случае, если представители Покупателя прибудут для осмотра в соответствии с уведомлением Поставщика о готовности к осмотру и обнаружат, что Товар не готов к осмотру, Поставщик несет ответственность за все расходы и издержки персонала Покупателя или его агентов, будь то на продление визита или дополнительный визит. | Жеткізуші Сатып алушыға қарап-тексеруді немесе тестілеуді өткізу мүмкін болатын күнге дейін кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын хабардар етуге міндетті. Егер қандай да бір себептермен тексеру немесе тестілеу күні кейінге қалдырылса, Жеткізуші Сатып алушыға бұл туралы жазбаша түрде дереу хабарлауы керек. Егер Сатып алушының өкілдері Жеткізушінің тексеруге дайын екендігі туралы хабарламасына сәйкес тексеру үшін келген кезде тауардың қарап-тексеруге дайын емес екенін анықтаса, Жеткізуші Сатып алушы қызметкерінің немесе оның агенттерінің сапарды ұзарту немесе қосымша сапар жасау сияқты барлық шығындары мен шығыстары үшін жауап береді. | The Supplier shall notify the Buyer at least 24 (twenty four) hours in advance of the date when inspection or testing can be made. If for any reason the inspection or testing date is delayed, the Supplier shall advise the Buyer in writing immediately. In the event that representatives of the Buyer arrive for an inspection pursuant to the Supplier's notification of readiness and discover that the Goods are not ready for inspection, the Supplier shall be responsible for all Buyer's or Buyer's agent's personnel costs and expenses, whether for extension of the visit or for an additional visit. |
| 19.5 | Если Покупатель письменно (включая сообщение по электронной почте) указал свое намерение провести осмотр Товара, то | Егер Сатып алушы жазбаша түрде (электрондық пошта арқылы жіберілетін хабарламаны қоса алғанда) Тауарды қарап-тексеру | If the Buyer has expressly in writing (including by email) indicated its intention to inspect the Goods, the Supplier shall not ship the Goods |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Поставщик не имеет права отгружать Товары по настоящему Договору Поставки без окончательного письменного согласования Покупателя о проведении осмотра или его письменного отказа от проведения осмотра. Нарушение Поставщиком настоящего обязательства дает Покупателю право для отказа от Поставки, при этом Поставщик несет все соответствующие затраты, связанные с возвратом Товаров. | ниетін көрсетсе, онда Жеткізуші Сатып алушының қарап-тексеруді жүргізу туралы түпкілікті жазбаша келісімінсіз немесе оның қарап-тексеруді жүргізуден жазбаша түрде бас тартуынсыз осы Жеткізу шарты бойынша Тауарларды тиеп-жөнелтуге құқығы жоқ. Жеткізушінің осы міндеттемені бұзуы Сатып алушыға Тауарды жеткізуден бас тарту құқығын береді, бұл ретте Жеткізуші Тауарларды қайтаруға байланысты барлық тиісті шығындарды көтереді. | without either the Buyer's final written inspection approval or a written waiver of inspection from the Buyer. Violation of this obligation shall constitute grounds for rejection of the Supply, and any related costs for return shall be borne by the Supplier. |
| 19.6 | Поставщик обязан предоставлять полную и точную информацию касательно статуса исполнения графика Поставки. Поставщик должен своевременно и в удовлетворительной для Покупателя форме отчитываться в соответствии с инструкциями по экспедированию, которые могут быть предоставлены Покупателем. | Жеткізуші Жеткізу кестесінің орындалу барысына қатысты толық және нақты ақпаратты ұсынуға міндетті. Жеткізуші Сатып алушы ұсынуы мүмкін жөнелту жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес уақытылы және Сатып алушы үшін қанағаттанарлық нысанда есеп беруі тиіс. | The Supplier shall provide to the Buyer complete and accurate information as to the schedule status of the Supply. Supplier shall report as per expediting instructions, which may be communicated by the Buyer, in a timely way and in a form satisfactory to the Buyer. |

## 20 ВНЕСЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ В ДОГОВОР ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ / CHANGE ORDERS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20.1 | Никакие изменения и дополнения не могут вноситься или применяться к Договору Поставки, требованиям или праву требования по Договору Поставки без оформления письменного соглашения об изменении Договора Поставки путем его подписания Сторонами **(«Изменения в Договор Поставки»)**. Во избежание разночтений настоящий Договор Поставки не должен изменяться или заменяться какими-либо положениями в счетах-фактурах, товарно-транспортных накладных, упаковочных накладных, квитанциях, тарифных графиках, рабочих нарядах или любых документах по продаже, подписанных или подтвержденных Покупателем. | Тараптардың оған қол қоюы арқылы Жеткізу шартын өзгерту туралы жазбаша келісімді ресімдемей, Жеткізу шартына, талаптарға немесе Жеткізу шарты бойынша талап ету құқығына ешқандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді немесе қолданылмайды **("Жеткізу шартына өзгертулер енгізу")**. Әртүрлі оқылуларды болғызбау үшін осы Жеткізу шарты Сатып алушы қол қойған немесе растаған шот-фактураларда, тауар-көлік жүккұжаттарында, буып-түю жүккұжаттарында, түбіртектерде, тарифтік кестелерде, жұмыс нарядтарында немесе сату жөніндегі кез келген құжаттарда қандай да бір ережелермен өзгертілмеуі немесе ауыстырылмауы тиіс. | No modifications shall be made or apply to the Purchase Order or to the requirements or entitlements under this Purchase Order without a written amendment agreement to the Purchase Order signed by the Parties (the **"Change Order").** For the avoidance of doubt, this Purchase Order shall not be amended or superseded by any provisions in invoices, bills of lading, packing slips, receipts, rate schedules, work tickets or any other transportation or sales documents, whether signed or acknowledged by the Buyer. |
| 20.2 | Стороны вправе предложить дополнить или изменить Поставку или право требования по настоящему Договору Поставки. Если предложение принято сторонами, Покупатель и Поставщик должны прийти к взаимному соглашению о внесении изменений, учитывающих интересы обеих Сторон, в Сумму Договора Поставки и/или Согласованную дату(ы) Доставки для того, чтобы отразить последствия предложенного дополнения или изменения. Поставщик не должен выполнять никакие предложенные изменения до тех пор, пока Стороны не подпишут Изменения в Договор Поставки, вводящие в действие такие изменения, или пока Поставщик не получит иные конкретные указания в письменном виде со стороны Покупателя о применении изменений до подписания Изменений в Договор Поставки. | Тараптар осы Жеткізу шарты бойынша Жеткізуді немесе талап ету құқығын толықтыруды немесе өзгертуді ұсынуға құқылы. Егер ұсынысты тараптар қабылдаса, Сатып алушы мен Жеткізуші ұсынылған толықтырудың немесе өзгертудің нәтижелерін көрсету үшін Жеткізу шарты Сомасына және/немесе Келісілген жеткізу күніне (күндеріне) екі Тараптың мүдделерін ескеретін өзгертулер енгізу туралы өзара келісімге келуі тиіс. Жеткізуші Тараптар Жеткізу шартына осындай өзгерістерді енгізетін Өзгертулерге қол қойғанға дейін немесе Жеткізуші Жеткізу шартына енгізілетін өзгерістерге қол қойғанға дейін Сатып алушы тарапынан өзгерістерді қолдану туралы жазбаша түрде өзге нақты нұсқауларды алғанға дейін ұсынылған ешбір өзгерістерді орындамауы тиіс. | The Parties may propose additions or modifications to the Supply or the requirements or entitlements under this Purchase Order. If accepted by the Parties, the Buyer and Supplier shall mutually agree upon an equitable adjustment to the Purchase Order Price and/or Agreed Date(s) for Delivery to reflect the effect of such proposed change. The Supplier shall not perform any proposed change unless and until the Parties have signed a Change Order implementing such change or the Supplier is otherwise specifically directed in writing by the Buyer to implement a change, pending finalization of a Change Order. |
| 20.3 | Поставка, согласно Изменениям в Договор Поставки, регулируется и исполняется в соответствии с Условиями Договора Поставки, за исключением тех случаев, когда иное в явной форме согласовано в Изменениях в Договор Поставки. | Жеткізу шартына енгізілген өзгерістерде басқасы нақты нысанда келісілген жағдайларды қоспағанда, Жеткізу шартына енгізілген Өзгертулерге сәйкес Жеткізу Жеткізу шартының талаптарына сәйкес реттеледі және орындалады. | The Supply under any Change Order shall be subject to and performed in accordance with the terms of this Purchase Order, except only as expressly agreed in such Change Order. |
| 20.4 | Вне зависимости от любых иных положений в Договоре Поставки, запрещены либо недействительны любые дополнения или изменения в Договор Поставки, предлагаемые Поставщиком после совершения Покупателем окончательного платежа согласно | Жеткізу шартындағы кез келген өзге ережелерге қарамастан, Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушы соңғы төлем жасағаннан кейін Жеткізуші ұсынған Жеткізу шартына кез келген толықтыруларды немесе өзгерістерді енгізуге тыйым салынады | Notwithstanding anything to the contrary in this Purchase Order, no additions or modifications under this Purchase Order will be allowed or valid if asserted by the Supplier after final payment under this Purchase Order. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Договору Поставки. | немесе жарамсыз болады. | |

## 21 КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ / МҮДДЕЛЕР ШИЕЛЕНІСІ / CONFLICT OF INTEREST

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21.1 | Отсутствие конфликта. Поставщик заявляет, что, насколько ему известно, после надлежащего расследования не было обнаружено никакого конфликта интересов между текущей деятельностью Поставщика, выполняемой для любого другого заказчика, и осуществлением Поставки Покупателю, и что Поставщик не имеет никаких связей, соглашений или других деловых отношений с Аффилированными лицами и/или не является Аффилированным лицом: a) любого лица (включая, без ограничения, корпорации, университеты или другие организации); или b) любых физических лиц, будь то выступающих или не выступающих в качестве должностного лица, директора, сотрудника, консультанта, агента или представителей Покупателя, или его Аффилированных лиц, которые могут прямо или косвенно иметь интересы, противоречащие интересам Покупателя, за исключением того, что Поставщик может иметь или заключать договоры с третьими сторонами в обычном ходе своей деятельности. Поставщик должен воздерживаться от вступления в любые такие деловые отношения или связи, и должен незамедлительно уведомить Покупателя в письменной форме в случае, если Поставщик обнаружит существование любого такого конфликта интересов, который ранее был неизвестен Поставщику. | Шиеленістің болмауы. Жеткізуші өзіне мәлім болғандай тиісті тергеуден кейін Жеткізушінің кез келген басқа тапсырыс беруші үшін орындалатын ағымдағы қызметі мен Сатып алушыға Жеткізуді жүзеге асыру арасында ешқандай мүдделер шиеленісінің анықталмағанын және Жеткізушінің үлестес тұлғалармен ешқандай байланыстарының, келісімдерінің немесе басқа да іскерлік қатынастарының жоқ екенін және/немесе төмендегі тұлғалардың үлестес тұлғасы болып табылмайтынын мәлімдейді: a) кез келген тұлғаның (корпорациялар, университеттер немесе басқа да ұйымдарды қоса алғанда, шектеусіз); немесе b) лауазымды тұлға, директор, қызметкер, кеңесші, агент немесе Сатып алушының немесе оның үлестес тұлғаларының өкілдері ретінде әрекет ететін немесе әрекет етпейтін кез келген жеке тұлғаның, бұлар Сатып алушының мүдделеріне қайшы келетін мүдделерге тікелей немесе жанама ие болуы мүмкін, келесі жағдайды қоспағанда, Жеткізуші өз қызметінің әдеттегі барысында үшінші тараптармен жасалған шарттары болуы мүмкін немесе жасай алады. Егер Жеткізуші бұрын өзіне белгісіз болған кез келген осындай мүдделер шиеленісінің бар екенін анықтаса, Жеткізуші кез келген осындай іскерлік қатынастар немесе байланыс жасауды тоқтата тұруы тиіс және Сатып алушыға жазбаша нысанда дереу хабарлауы тиіс. | No Conflict. The Supplier represents that to the best of its knowledge, having made due inquiry, there is no conflict between the Supplier's current activities for any other customer and the Supply to be provided by the Supplier to the Buyer, and the Supplier has no association, agreement or other business relationship with, and/or is not an Affiliate of: any person (including without limitation corporations, universities, or other organizations); or any individuals, whether or not acting as an officer, director, employee, consultant, agent or representatives of the Buyer or its Affiliates, who may have, directly or indirectly, interests adverse to the Buyer, except that the Supplier may have or enter into contracts in the normal course of its business with third parties. The Supplier shall refrain from entering into any such business relationship or affiliation, and shall immediately notify the Buyer in writing in the event the Supplier discovers the existence of any such conflict of interest that was previously unknown to the Supplier. |
| 21.2 | Запрет на получение незаконной прибыли. Поставщик не имеет права предлагать и выплачивать какие-либо сборы, комиссионные, компенсации или какие-либо иные ценности в пользу сотрудников Компаний Покупателя или их семей и других представителей Компаний Покупателя. Поставщик должен раскрывать Покупателю информацию о любых деловых отношениях, существующих между Поставщиком и любым сотрудником Компаний Покупателя или их семьями, или любыми другими представителями Компаний Покупателя. | Заңсыз пайда алуға тыйым салу. Жеткізушінің Сатып алушының Компаниялары қызметкерлерінің немесе олардың отбасыларының және Сатып алушы Компаниялардың басқа өкілдерінің пайдасына қандай да бір алымдарды, комиссияларды, өтемақыларды немесе қандай да бір өзге құндылықтарды ұсынуға және төлеуге құқығы жоқ. Жеткізуші Сатып алушыға Жеткізуші мен Сатып алушы Компанияларының кез-келген қызметкері немесе олардың отбасылары немесе Сатып алушы Компанияларының кез-келген өкілдері арасындағы кез-келген іскерлік қатынастар туралы ақпаратты беруі керек. | No Improper Benefit. The Supplier shall not offer or pay any fee, commission, rebate or anything of value to or for the benefit of any Buyer Entities' employee or his/her family or any other representative of the Buyer Entities. The Supplier shall disclose to the Buyer any business relationship between the Supplier and any Buyer Entities' employee or his/her family or any other representative of the Buyer Entities. |

## 22 ОГРАЖДЕНИЕ ОТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ / ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚОРҒАУ / INDEMNITY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22.1 | Поставщик от своего имени и от имени своих Аффилированных лиц, наследников, правопреемников, служащих, директоров, сотрудников и агентов соглашается возмещать убытки, защищать и не допускать выставления претензий Покупателю, его соответствующим Аффилированным лицам, дочерним предприятиям, наследникам, правопреемникам, служащим, директорам, сотрудникам и агентам (далее **«Стороны Покупателя, ограждаемые от убытков»**) от любых и всех видов Ответственности, убытков, расходов, и Претензий в отношении | Жеткізуші өз атынан және өзінің үлестес тұлғаларының, мұрагерлерінің, құқықтық мирасқорларының, қызметшілерінің, директорларының, қызметкерлері мен агенттерінің атынан шығындарды өтеуге, қорғауға және Сатып алушының Жеткізу шарты бойынша ұқыпсыздығы, қасақана бұзылуы немесе әрекетсіздігі салдарынан туындаған талаптарды қоспағанда, Сатып алушыға, оның тиісті үлестес тұлғаларына, еншілес кәсіпорындарына, мұрагерлеріне, құқықтық мирасқорларына, қызметшілеріне, директорларына, қызметкерлері мен агенттеріне | The Supplier, on behalf of itself, its Affiliates, successors, assigns, officers, directors, employees, and agents, agrees to indemnify, defend, and hold harmless the Buyer, and its respective Affiliates, subsidiaries, successors, assigns, officers, directors, employees, and agents (hereinafter, the «**Buyer Indemnified Parties**»), from and against any and all Liabilities, losses, expenses, and Claims for bodily injury or property damage that arise from or out of the performance of the Supply or of its obligations under this Purchase Order, save to the extent any such claim arises as a result of the Buyer's negligent acts, Wilful |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | причинения травм или повреждения имущества в ходе или в результате осуществления Поставки либо исполнения своих обязательств по Договору Поставки, за исключением претензий в результате небрежности, Умышленного нарушения или бездействия Покупателя по Договору Поставки. | (бұдан кейін **«Шығындардан қорғалатын Сатып алушының тараптары»**) Жеткізуді жүзеге асыру немесе Жеткізу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында немесе нәтижесінде жарақаттау немесе мүлікке зақым келтіруге қатысты кез келген және барлық Жауапкершілік түрлерін, шығындарды, шығыстарды және Шағымдарды талап етуге жол бермеуге келіседі. | Misconduct or omissions under this Purchase Order. |
| 22.2 | Покупатель от своего имени и от имени своих Аффилированных лиц, наследников, правопреемников, служащих, директоров, сотрудников и агентов соглашается возмещать убытки, защищать и не допускать выставления претензий Поставщику, его Аффилированным лицам, дочерним предприятиям, наследникам, правопреемникам, служащим, директорам, сотрудникам и агентам (далее **«Стороны Поставщика, ограждаемые от убытков»**) от любых и всех видов Ответственности, убытков, расходов и Претензий в отношении причинения травм или повреждения имущества в ходе или в результате осуществления Поставки либо исполнения своих обязательств по Договору Поставки, за исключением претензий в результате небрежности, Умышленного нарушения или бездействия Поставщика по Договору Поставки. | Сатып алушы өз атынан және өзінің үлестес тұлғаларының, мұрагерлерінің, құқықтық мирасқорларының, қызметшілерінің, директорларының, қызметкерлері мен агенттерінің атынан шығындарды өтеуге, қорғауға және Жеткізушінің Жеткізу шарты бойынша ұқыпсыздығы, қасақана бұзылуы немесе әрекетсіздігі салдарынан туындаған талаптарды қоспағанда, Жеткізушіге, оның үлестес тұлғаларына, еншілес кәсіпорындарына, мұрагерлеріне, құқықтық мирасқорларына, қызметшілеріне, директорларына, қызметкерлері мен агенттеріне (бұдан кейін **«Шығындардан қорғалатын Жеткізушінің тараптары»**) Жеткізуді жүзеге асыру немесе Жеткізу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында немесе нәтижесінде жарақаттау немесе мүлікке зақым келтіруге қатысты кез келген және барлық Жауапкершілік түрлерін, шығындарды, шығыстарды және Шағымдарды талап етуге жол бермеуге келіседі. | The Buyer, on behalf of itself, its Affiliates, successors, assigns, officers, directors, employees, and agents, agrees to indemnify, defend, and hold harmless the Supplier, and its Affiliates, subsidiaries, successors, assigns, officers, directors, employees, and agents (hereinafter, the **«Supplier Indemnified Parties»**), from and against any and all Liabilities, losses, expenses, and Claims for bodily injury or property damage that arise from or out of the performance by the Buyer of its obligations under this Purchase Order save to the extent any such claim arises as a result of the Supplier's negligent acts, Wilful Misconduct or omissions under this Purchase Order. |
| 22.3 | Права и средства защиты, предоставляемые любой из Сторон согласно настоящему Договору Поставки, не исключают никаких прав и средств защиты, доступных в соответствии с Применимым Законодательством. | Осы Жеткізу шартына сәйкес Тараптардың кез келгені ұсынатын құқықтар мен қорғау құралдары Қолданыстағы Заңнамаға сәйкес қолжетімді құқықтар мен қорғау құралдарын жоққа шығармайды. | The rights and remedies afforded to either Party under this Purchase Order shall not be to the exclusion of any rights and remedies otherwise available under Applicable Law. |

## 23 ОГРАНИЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ / ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ / LIMITS OF LIABILITY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23.1 | Вне зависимости от любых иных положений в Договоре Поставки, ни одна из Сторон ни при каких обстоятельствах не несет ответственности перед другой Стороной за любые специальные или вытекающие убытки или ущерб, включая, потерю дохода, простой производства, потерю производимой продукции, потери в связи с не заключением договора или потерю прибыли, независимо от того, возникли ли они в результате иска по договору, деликта (в том числе халатности), ответственности за качество продукции, на основании закона или на любом другом основании. | Жеткізу шартындағы кез келген өзге ережелерге қарамастан, Тараптардың бірде-бірі ешқандай жағдайда кез келген арнайы немесе туындайтын залалдар немесе шығындар үшін, соның ішінде табысты жоғалту, өндірістің тұрып қалуы, өндірілетін өнімді жоғалту, шартты жасамауға байланысты жоғалту немесе пайданы жоғалту үшін, олардың шарт бойынша талап қою, деликт (оның ішінде немқұрайлылық), Өнім сапасы үшін жауапкершілік нәтижесінде туындағанына қарамастан, заң негізінде немесе кез келген басқа негізде екінші Тараптың алдында жауапты болмайды. | Notwithstanding anything to the contrary in this Purchase Order, neither Party will be liable to the other Party in any circumstances for any special or consequential loss or damage, including loss of revenue, loss of production, loss of product, loss of contract or loss of profit howsoever arising and whether in an action in contract, tort (including, without limitation, negligence), product liability, under statute or on any other basis. |
| 23.2 | В любом случае, максимальная общая Ответственность Поставщика по всем Претензиям, вытекающим из Договора Поставки или в связи с Поставкой, не может превышать сумму, выплачиваемую Покупателем за Поставку согласно Договору Поставки. | Кез келген жағдайда Жеткізу шартынан туындайтын немесе Жеткізуге байланысты барлық Шағымдар бойынша Жеткізушінің жалпы Жауапкершілігі Сатып алушының Жеткізу шартына сәйкес Жеткізілім үшін төлейтін сомасынан аспауы керек. | In any case, the Supplier’s maximum total Liability for all Claims arising out of this Purchase Order or the Supply shall not exceed the amount payable by the Buyer for the Supply pursuant to this Purchase Order. |

## 24 СОХРАНЕНИЕ ПРАВ / ҚҰҚЫҚТАРДЫ САҚТАУ / RESERVATION OF RIGHTS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24.1 | Следующие действия Покупателя никаким образом не уменьшают | Сатып алушының келесі іс-әрекеттері осы Жеткізу шартына | The following actions of the Buyer shall in no way diminish or modify |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | и не изменяют ответственность и обязательства Поставщика согласно настоящему Договору Поставки, а также не лишают Покупателя прав в отношении Товаров, не соответствующих требованиям, и не являются приемкой Товаров и/ или Поставки, i) вне зависимости от того, мог или не мог Покупатель произвести осмотр или ранее отклонить Поставку и/или Товары, и ii) вне зависимости от осведомленности Покупателя о несоответствии, дефектности или несоблюдении требований настоящего Договора Поставки: | сәйкес Жеткізушінің жауапкершілігі мен міндеттемелерін ешбір түрде төмендетпейді және өзгертпейді, сонымен қатар i) Сатып алушы қарап-тексеруді жүргізе алатынына немесе бұдан бұрын Жеткізілімді және/немесе Тауарларды қабылдамауына қарамастан және ii) Сатып алушының осы Жеткізу шарты талаптарының сәйкессіздігі, кемістігі немесе сақталмауы туралы хабардар болуына қарамастан Сатып алушыны талаптарға сәйкес келмейтін Тауарларға қатысты құқықтардан айырмайды және Тауарларды және/ немесе Жеткізуді қабылдау болып табылмайды: | the Supplier's responsibilities or obligations under this Purchase Order, nor impair the Buyer's rights in relation to Non-conforming Goods, nor be deemed to constitute acceptance of the Supply and/or Goods notwithstanding i) the Buyer's opportunity to inspect or earlier reject the Supply and/or Goods, and ii) the Buyer's knowledge of the non-conformity, defect or non-compliance with the requirements of this Purchase Order: |
| a) | проверка и приемка чертежей (которые не могут необоснованно удерживаться); | сызбаларды тексеру және қабылдау (оларды негізсіз ұстауға болмайды); | review and acceptance of drawings (which shall not be unreasonably withheld); |
| b) | осуществление или неосуществление осмотра Товаров; | Тауарларға тексеру жүргізуі немесе жүргізбеуі; | inspection or failure to inspect the Goods; |
| c) | присутствие при тестировании или отказ от присутствия при тестировании; | тестілеу кезінде болуы немесе тестілеу кезінде қатысудан бас тартуы; | witnessing of tests or waiving the witnessing of tests; |
| d) | утверждение протестированных, осмотренных или отгруженных позиций, или | тексерілген, қаралған немесе жөнелтілген позицияларды бекіту, немесе | approval of items tested, inspected or shipped, or |
| e) | совершение оплаты любой суммы за Поставку. | Жеткізу үшін кез келген соманы төлеуі. | payment of any sums for the Supply. |

## 25 ПРАВО УДЕРЖАНИЯ И ОБРЕМЕНЕНИЕ ИМУЩЕСТВА / ҰСТАП ҚАЛУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МҮЛІККЕ АУЫРТПАЛЫҚ САЛУ / LIENS AND ENCUMBRANCES ON PROPERTY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25.1 | Поставщик заверяет и гарантирует, в дополнение к Статье 8.2, что он будет своевременно производить выплаты всем сотрудникам, Субпоставщикам и другим кредиторам с тем, чтобы такие сотрудники и Субпоставщики не предъявляли претензий по востребованию оплаты или наложению ареста или Обременения на собственность любой из Сторон. | Жеткізуші 8.2-бапқа қосымша, ол барлық қызметкерлерге, Қосалқы жеткізушілерге және басқа да кредиторларға осындай қызметкерлер мен Қосалқы жеткізушілерге төлемді талап ету немесе тыйым салу немесе Тараптардың кез келгенінің меншігіне Ауыртпалық салу бойынша талап қоймау үшін төлемдерді уақытылы жүргізетінін растайды және кепілдік береді. | The Supplier represents and warrants that, in addition to Clause 8.2, it shall timely pay all employees, Sub-suppliers and other creditors to ensure that such employees and Sub-suppliers do not file payment claims against, or attach or place an Encumbrance on property of, any Party. |
| 25.2 | В случае нарушения заверений, изложенных в Статьях 8.2 и 24.1, Поставщик обязан i) урегулировать все материальные или нематериальные Претензии и иски самостоятельно и за свой счет и ii) возместить Покупателю любые убытки, потери или расходы, связанные с Претензиями или Обременениями, наложенными на собственность любой из Сторон, в той мере, в которой они не были компенсированы ранее. Данные средства правовой защиты не ограничивают другие средства правовой защиты Покупателя, изложенные в Статье 28. | 8.2 және 24.1-баптарда жазылған растаулар бұзылған жағдайда, Жеткізуші i) барлық материалдық немесе материалдық емес Шағымдар мен талап-арыздарды өз бетінше және өз есебінен реттейді және ii) Сатып алушыға Тараптардың кез келгенінің меншігіне салынған Шағымдармен немесе Ауыртпалықтармен байланысты кез келген залалдарды, ысыраптарды немесе шығыстарды олар бұрын өтелмеген мөлшерде өтейді. Осы құқықтық қорғау құралдары 28-бапта айтылған Сатып алушының басқа құқықтық қорғау құралдарын шектемейді. | In the event of breach of warranties set out in Clauses 8.2 and 24.1, the Supplier shall i) settle all material or non-material Claims and lawsuits by itself and at its own expense and ii) compensate the Buyer for and against any and all damages, losses or expenses relating to Liability or Encumbrances placed on property of any Party, to the extent not extinguished earlier. These remedies do not limit other remedies available to the Buyer under Clause 28. |
| 25.3 | Поставщик отказывается от всех прав удержания имущества Покупателя в связи любыми Поставками, осуществляемыми в пользу Покупателя. | Жеткізуші Сатып алушының пайдасына жүзеге асырылатын кез келген Жеткізулерге байланысты Сатып алушының мүлкін ұстау бойынша барлық құқықтарынан бас тартады. | The Supplier waives all rights of lien against the property of the Buyer for any and all Supply provided to the Buyer. |

## 26 ПРИОСТАНОВКА ИСПОЛНЕНИЯ ДОГОВОРА / ШАРТТЫ ОРЫНДАУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ / SUSPENSION OF PERFORMANCE

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26.1 | Покупатель имеет право приостановить всю или часть Поставки на такой срок или сроки и в таком порядке, и по такой причине, которые Покупатель по своему полному усмотрению может посчитать необходимыми. Приостановка выполнения Поставки вступает в силу с момента получения Поставщиком Уведомления о такой приостановке Поставщику. | Сатып алушы Жеткізілімнің барлығын немесе бір бөлігін осындай мерзімге немесе мерзімдерге және осындай тәртіппен және Сатып алушы өзінің толық қалауы бойынша қажет деп санайтын себеппен тоқтата тұруға құқылы. Жеткізуді тоқтата тұру Жеткізушіге осындай тоқтата тұру туралы Хабарламаны Жеткізуші алған сәттен бастап күшіне енеді. | The Buyer may suspend all or part of the Supply for such time or times and in such manner and for such reason as the Buyer in its absolute discretion may consider necessary. Any such suspension shall be effective upon the Supplier's receipt a Notice of such suspension to the Supplier. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26.2 | За исключением любых вычетов, возмещаемых издержек или взаимозачетов, предусмотренных настоящим Договором Поставки, Поставщик имеет право на получение возмещения всех документально подтвержденных прямых затрат и расходов, связанных с такой приостановкой, при условии, что Поставщик приложил все разумные усилия для предотвращения или снижения негативных последствий приостановки, которые могут возникнуть в отношении Субпоставщиков и Поставки. | Осы Жеткізу шартында көзделген кез келген шегерімдерді, есепке алынбаған қосымша шығыстарды немесе өтемақыларды қоспағанда, Жеткізуші Қосалқы жеткізушілерге және Жеткізуге қатысты туындауы мүмкін тоқтата тұрудың теріс салдарларын болдырмау немесе азайту үшін барлық күшін салған жағдайда, Жеткізушінің осындай тоқтата тұруға байланысты барлық құжатпен расталған тікелей шығындар мен шығыстардың өтемін алуға құқығы бар. | Except for any deductions, back charges or setoffs permitted under this Purchase Order, the Supplier shall be entitled to reimbursement of all documented direct costs and expenses associated with any such suspension, provided the Supplier has used all reasonable efforts to mitigate the effects of suspension as they may pertain to its Sub-suppliers and the Supply. |
| 26.3 | Если Поставщик считает, что какая-либо приостановка или отмена приостановки такого рода дает основания для изменения Суммы настоящего Договора Поставки или срока его исполнения, Поставщик должен действовать в соответствии с положениями, изложенными в Статье 20. Ни при каких условиях Поставщик не имеет права требовать возмещения потери будущей прибыли, увеличения накладных расходов или любых косвенных, вытекающих или других убытков по причине такой приостановки или отмены приостановки. | Егер Жеткізуші осындай түрдегі қандай да бір тоқтата тұру немесе тоқтата тұруды жою осы Жеткізу шартының Сомасын немесе оны орындау мерзімін өзгерту үшін негіз береді деп есептесе, Жеткізуші 20-бапта жазылған ережелерге сәйкес әрекет етуі тиіс. Ешбір жағдайда Жеткізуші болашақ пайдадан, үстеме шығыстарды ұлғайтудан немесе осындай тоқтата тұру немесе тоқтата тұрудың күшін жою себебінен болатын кез келген жанама туындайтын немесе басқа да залалдарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ. | If the Supplier believes that any such suspension or withdrawal of suspension justifies modification of this Purchase Order Price or time for performance, the Supplier shall comply with the provisions set forth in Article 20. In no event shall the Supplier be entitled to a compensation for any loss of prospective profits, contribution to overhead or any incidental, consequential or other damages because of such suspensions or withdrawals of suspension. |
| 26.4 | Покупатель, по своему абсолютному усмотрению, может дать указание Поставщику возобновить всю или соответствующую часть Поставки, а Поставщик должен как можно скорее исполнить данное указание. | Сатып алушы өзінің дербес қалауы бойынша Жеткізушіге Жеткізудің барлық немесе тиісті бөлігін қайта бастауға нұсқау бере алады, ал Жеткізуші бұл нұсқауды мүмкіндігінше тезірек орындауы керек. | The Buyer, in its absolute discretion, may direct the Supplier to recommence the whole or the relevant part of the Supply and the Supplier shall comply promptly with the direction. |

## 27 ОТКАЗ ОТ ДОГОВОРА В СВЯЗИ С НЕИСПОЛНЕНИЕМ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ / МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРТТАН БАС ТАРТУ / CANCELLATION OF THE CONTRACT DUE TO DEFAULT

| | | | |
|---|---|---|---|
| 27.1 | В случаях, указанных ниже, Покупатель, без ограничения любых других прав или средств защиты, предоставленных Покупателю согласно настоящему Договору Поставки, имеет право в одностороннем порядке без обращения в суд отказаться от настоящего Договора Поставки, предоставив письменное «Уведомление об отказе от Договора» Поставщику: | Сатып алушы осы Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушыға берілген кез келген басқа құқықтарды немесе қорғау құралдарын шектемей, Жеткізушіге жазбаша түрде «Шарттан бас тарту туралы хабарлама» бере отырып, осы Жеткізу шартынан сотқа жүгінбей-ақ, біржақты тәртіппен төменде көрсетілген жағдайларда бас тартуға құқылы: | In the cases stated below, the Buyer, without prejudice to any other rights or remedies which the Buyer may have under this Purchase Order has the right to unilaterally, without recourse to a court, cancel this Purchase Order by providing a written 'Notice of Cancellation' to the Supplier: |
| a) | Поставщик становится финансово несостоятельным (неплатежеспособным); или | Жеткізуші қаржы жағынан дәрменсіз (төлемге қабілетсіз) болса; немесе | the Supplier becomes insolvent; or |
| b) | Поставщик переуступает Товары в пользу своих кредиторов; или | Жеткізуші Тауарларды өз кредиторларының пайдасына берсе; немесе | the Supplier makes a general assignment of Goods for the benefit of its creditors; or |
| c) | назначен управляющий имуществом Поставщика в связи с его несостоятельностью (неплатежеспособностью); или | Жеткізушінің дәрменсіздігіне байланысты (төлемге қабілетсіз) оның мүлкін басқарушы тағайындалса; немесе | if a receiver is appointed on account of the Supplier 's insolvency; or |
| d) | соответствующим судом принято к производству исковое заявление о принудительном банкротстве Поставщика, или | тиісті сот өндіріске Жеткізушінің мәжбүрлі банкроттығы туралы талап арызды қабылдаса, немесе | the relevant court agreed to hear an involuntary bankruptcy lawsuit, or |
| e) | Поставщик не исполняет любые существенные (по усмотрению Покупателя) положения и условия настоящего Договора Поставки включая, без ограничений, следующее: | Жеткізуші осы Жеткізу шартының кез келген (Сатып алушының қалауы бойынша) ережелері мен талаптарын орындамайды, келесілерді қоса алғанда, шектеусіз: | the Supplier is in default of any material (as deemed by the Buyer) provision or requirement of this Purchase Order, including, without limitation: |
| i | Просрочка доставки до Даты Длительной Задержки Доставки; | Жеткізуді ұзақ кешіктіру күніне дейін Жеткізуді мерзімінен кешіктірсе; | Failure to deliver before Delivery Long Stop Date; |
| ii | Несоблюдение Налогового законодательства и Уклонение от уплаты налогов, описанное в Статье 16; | 16-бапта сипатталған Салық заңнамасын сақтамаса және Салық төлеуден жалтарса; | Non-Compliance with the Tax Legislation and Tax Evasion described in Article 16; |
| iii | Поставка Товаров, не соответствующих требованиям, | 12.3 -бапта сипатталған талаптарға сәйкес келмейтін | Delivery of Non-conforming Goods described in Article |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | как описано в Статье 12.3; | Тауарларды жеткізсе; | 12.3; |
| iv | Нарушение требований по технике безопасности и охране труда, применимых к Поставке или применимых иным образом на Рабочей Площадке Покупателя, включая нарушение требований по раскрытию информации и извещению о травмах и происшествиях. | Ақпаратты жариялау және жарақаттар мен оқиғалар туралы хабарлау жөніндегі талаптарды бұзуды қоса алғанда, Сатып алушының Жұмыс алаңында Жеткізуге қолданылатын немесе өзгеше түрде қолданылатын қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзса. | Breach of health and safety requirements applicable to the Supply or, if relevant, at the Buyer's Site including the requirements to disclose and report injuries and incidents. |
| 27.2 | После получения Уведомления Поставщику предоставляется 24 (двадцать четыре) часа для того, чтобы обосновать Покупателю, почему ему не следует использовать свое право на отказ от Договора. | Жеткізуші Хабарламаны алғаннан кейін оған Сатып алушыға Шарттан бас тарту құқығын неге пайдаланбау керектігін негіздеу үшін 24 (жиырма төрт) сағат беріледі. | Upon receipt of the Notice, the Supplier has 24 (twenty-four) hours to show why the Buyer's right to withdraw should not be exercised. |
| 27.3 | Если Поставщик в течение 24 (двадцати четырех) часов с момента получения Уведомления об отказе от Договора не сможет привести удовлетворительное для Покупателя обоснование того, почему не следует использовать это право, Покупатель, без ограничения любых других прав, которые Покупатель имеет против Поставщика в соответствии с настоящим Договором Поставки вправе: | Егер Жеткізуші Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлама берілген сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде осы құқықтарды неге пайдаланбау керектігі туралы Сатып алушы үшін қанағаттанарлық негіздеме бере алмаса, Сатып алушы осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушіге қарсы қандай да бір басқа құқықтарды шектеместен, құқылы: | If the Supplier fails to show, within 24 (twenty four) hours of the date of receipt of the Notice of Cancellation, the cause to the reasonable satisfaction of the Buyer why this right should not be exercised, the Buyer, without prejudice to any other rights that the Buyer may have under this Purchase Order against the Supplier, has the right to: |
| a) | расторгнуть Договор Поставки или отказаться от него (отказ от договора) без обращения в суд путем предоставления Уведомления, в котором указывается, что совершен отказ от Договора Поставки согласно настоящей Статье 27; | Осы 27 -бапқа сәйкес Жеткізу шартынан бас тарту жасалғаны көрсетілген Хабарламаны ұсыну арқылы сотқа жүгінбей-ақ, Жеткізу шартын бұзуға немесе одан бас тартуға (шарттан бас тарту); | terminate the Purchase Order or withdraw from it (cancellation of the agreement) without recourse to a court by providing a Notice stating that the Purchase Order has been canceled in accordance with this Article 27; |
| b) | полностью или частично забрать из распоряжения Поставщика в свое распоряжение часть Поставки, оставшуюся к исполнению; и | Жеткізушінің иелігінен орындауға қалған Жеткізілімнің бөлігін өз иелігіне толық немесе ішінара алады; және | take the Supply remaining to be completed wholly or partly out of the hands of the Supplier; and |
| c) | завершить Поставку по Договору Поставки такими способами, которые Покупатель сочтет целесообразными, при этом Поставщик несет ответственность и своевременно оплачивает Покупателю все прямые и документально подтвержденные расходы и затраты, разумно понесенные Покупателем в этом процессе. Поставщик предоставляет или передает Покупателю любые Товары или право на Поставку в стадии исполнения, которые Покупатель может обоснованно запросить. Частичная Поставка, выполненная Поставщиком в полном соответствии с условиями настоящего Договора Поставки до вступления в силу такого расторжения/отказа, в пределах стоимости осуществленной частичной Поставки, идет в зачет возмещения за дополнительные расходы и затраты, понесенные Покупателем. | Сатып алушы орынды деп санайтын тәсілдермен Жеткізу шарты бойынша Жеткізуді аяқтау, бұл ретте Жеткізуші жауапты болады және Сатып алушыға осы процесте Сатып алушының шеккен барлық тікелей және құжатпен расталған шығыстары мен шығындарын уақытылы төлейді. Жеткізуші Сатып алушыға Сатып алушы негізді түрде сұрай алатын орындау сатысында кез келген Тауарларды немесе Жеткізу құқығын береді немесе ұсынады. Осындай бұзу/бас тарту күшіне енгенге дейін Жеткізуші осы Жеткізу шартының талаптарына толық сәйкес орындаған ішінара Жеткізу жүзеге асырылған ішінара Жеткізу құны шегінде Сатып алушы шеккен қосымша шығыстар мен шығындар үшін өтеу есебіне жатқызылады. | complete the Supply of this Purchase Order by such means as the Buyer reasonably deems appropriate, and the Supplier shall be responsible for and promptly pay to the Buyer any direct and documented costs and expenses reasonably incurred by the Buyer in so doing. The Supplier shall deliver or transfer to the Buyer any Goods or right of Supply in progress as the Buyer may reasonably request. The partial Supply completed by the Supplier in full compliance with the terms of this Purchase Order, prior to such termination/cancellation, shall be applied towards compensation, to the extent of value of such completed partial Supply, of such additional costs and expenses incurred by the Buyer. |

## 28 ПРАВО ПОКУПАТЕЛЯ НА ОТКАЗ ОТ ПОСТАВКИ / САТЫП АЛУШЫНЫҢ ЖЕТКІЗІЛМНЕН БАС ТАРТУ ҚҰҚЫҒЫ / BUYER'S RIGHT TO CANCEL

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28.1 | Покупатель имеет право на отказ от Поставки по настоящему Договору Поставки в одностороннем порядке, частично или в полном объеме, без указания причин и без необходимости обращения в суд путем предоставления Поставщику Уведомления | Сатып алушы Жеткізушіге мұндай бас тарту туралы Хабарлама беру арқылы осы Жеткізу шарты бойынша Жеткізуден біржақты тәртіппен, ішінара немесе толық көлемде, себептерін көрсетпей және сотқа жүгінбей-ақ бас тартуға құқылы. | The Buyer has the right to cancel the Supply under this Purchase Order unilaterally, in part or in full, without giving reasons and without recourse to a court by providing the Supplier with a Notice of Cancellation. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | об отказе. | | |
| 28.2 | На дату, указанную в таком Уведомлении, Поставщик, до поступления инструкций от Покупателя, обязан прекратить все работы, относящиеся к Поставке, не размещать дополнительные заказы, сохранять и защищать от повреждений имеющиеся у него материалы, закупленные или предназначенные для настоящего Договора Поставки, незавершенные работы и завершенные работы как Поставщика, так и Субпоставщика. | Мұндай Хабарламада көрсетілген күні Жеткізуші Сатып алушыдан нұсқаулықтар келіп түскенге дейін Жеткізуге қатысты барлық жұмыстарды тоқтатуға, қосымша тапсырыстар орналастырмауға, өзінде бар, осы Жеткізу шарты үшін сатып алынған немесе арналған материалдарды, Жеткізушінің де, Қосалқы жеткізушінің де аяқталмаған және аяқталған жұмыстарын сақтауға және зақымданудан қорғауға міндетті. | On the date indicated in such Notice, the Supplier shall discontinue all work pertaining to the Supply, shall place no additional orders, and shall preserve and protect materials on hand purchased for or committed to this Purchase Order, work in progress, and completed work both in the Supplier's and in its Sub-suppliers' facilities pending the Buyer's instruction. |
| 28.3 | Поставщик имеет право на возмещение за Товары, поставленные до даты отказа, а также возмещение разумных документально подтвержденных затрат и расходов, понесенных в результате такого отказа при условии, что: | Жеткізушінің бас тарту күніне дейін жеткізілген Тауарлар үшін өтем алуға, сонымен қатар келесі жағдайларда осындай бас тарту нәтижесінде келтірілген құжатпен расталған шығындар мен шығыстарды өтетуге құқығы бар: | The Supplier shall be entitled to a compensation for Goods delivered prior to the date of cancellation and documented reasonable costs and expenses resulting from such cancellation, provided that: |
| a) | такая компенсация не превышает пропорциональную долю в Сумме настоящего Договора Поставки; | мұндай өтемақы осы Жеткізу шарты Сомасындағы пропорционалды үлестен аспайды; | such compensation shall not exceed the proportion of this Purchase Order Price; |
| b) | Поставщик минимизирует затраты и устраняет последствия такого отказа. | Жеткізуші шығындарды азайтады және осындай бас тартудың салдарын жояды. | The Supplier shall minimize costs and mitigate consequences of such cancellation. |
| 28.4 | Ни при каких условиях Поставщик не имеет права на возмещение упущенной выгоды, накладных расходов или любого побочного, вытекающего или морального ущерба из-за отказа от настоящего Договора Поставки. Из компенсации Поставщику удерживаются вычеты, возвратные платежи или взаимозачеты, осуществляемые Покупателем в соответствии с настоящим Договором Поставки. | Ешбір жағдайда Жеткізушінің осы Жеткізу шартынан бас тартқаны үшін жіберіп алған пайданы, үстеме шығыстарды немесе кез келген жанама, өтелетін немесе моральдық залалды өтеуге құқығы жоқ. Жеткізушіге төленетін өтемақыдан осы Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушы төлеген шегерімдер, қайтарылатын төлемдер немесе өзара есептеулер ұсталынады. | In no case shall the Supplier be entitled to a compensation for any loss of prospective profits, contribution to overhead or any incidental, consequential or moral damages due to the cancellation of this Purchase Order. Deductions, chargebacks or offsets made by the Buyer in accordance with this Purchase Order are deducted from the compensation to the Supplier. |
| 28.5 | Поставщик обязан поставить все Товары со всеми применимыми гарантиями или утилизировать товары в соответствии с указаниями Покупателя до совершения окончательных платежей. | Жеткізуші барлық қолданылатын кепілдіктермен барлық Тауарларды жеткізуге немесе соңғы төлемдер жасалғанға дейін Сатып алушының нұсқауларына сәйкес тауарларды кәдеге жаратуға міндетті. | The Supplier shall deliver all Goods with all applicable warranties or dispose of goods as directed by the Buyer prior to final payments. |

## 29 КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ / ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ / CONFIDENTIALITY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 29.1 | Стороны, от своего имени и от имени своих сотрудников, агентов и правопреемников, соглашаются: | Тараптар өз атынан және өзінің қызметкерлерінің, агенттерінің және құқықтық мирасқорларының атынан төмендегілерге келіседі: | The parties, for itself and on behalf of their employees, agents, and assigns, agree: |
| a) | рассматривать в качестве конфиденциальной и защищенной правом собственности;<br>и без предварительного письменного согласия другой Стороны в явной форме, при этом в таком согласии может быть отказано по любой причине, | құпия және меншік құқығымен қорғалған ретінде қарастыру;<br>және екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, бұл ретте мұндай келісімде кез келген себеппен бас тартылуы мүмкін, | to treat as confidential and proprietary;<br>and without the express prior written consent of the other Party, which consent may be withheld for any reason whatsoever, |
| b) | не раскрывать другим лицам в ходе исполнения настоящего Договора Поставки или после его исполнения, и | осы Жеткізу шартын орындау барысында немесе орындағаннан кейін де басқа тұлғаларға ақпаратты жарияламауға; | not to disclose to others, during or subsequent to the performance of this Purchase Order, and |
| c) | не использовать, кроме как для целей выполнения Поставки, | Жеткізуді орындау мақсаттарынан басқа мақсатта пайдаланбауға, | not to use, except for purposes of providing the Supply, |
| i | любую информацию, будь то устную или письменную, содержащую любое описание любого характера (в явной форме, включая любую техническую информацию, эксперименты или данные) относительно планов, программ, Объектов, процессов, продукции, затрат, оборудования, производственных операций или заказчиков | жоспарларға, бағдарламаларға, Объектілерге, процестерге, өнімдерге, шығындарға, жабдықтарға, өндірістік операцияларға немесе Сатып алушының тапсырыс берушілеріне немесе оның Үлестес тұлғаларына қатысты кез келген сипаттағы кез келген сипаттаманы (кез келген техникалық ақпаратты, эксперименттерді немесе деректерді қоса алғанда) | any information, whether verbal or written, of any description whatsoever (expressly including any technical information, experiments, or data) regarding plans, programs, Facilities, plants, processes, products, costs, equipment, operations, or customers of the Buyer or its Affiliates; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Покупателя или его Аффилированных лиц; | қамтитын ауызша немесе жазбаша болсын кез келген ақпарат; | |
| ii | все учетные записи, отчеты, данные и другую информацию, а также всю информацию, охраняемую авторским правом, предоставленную Сторонами, когда такая информация в явной форме указана Сторонами как конфиденциальная по своему характеру;<br>которая могла стать известна Стороне или его сотрудникам, агентам или правопреемникам в ходе исполнения настоящего Договора Поставки (в совокупности именуемая как «Конфиденциальная информация»). Стороны обязаны предпринимать все необходимые договорные и иные меры предосторожности для предотвращения неуполномоченного раскрытия или использования Конфиденциальной информации. | барлық есепке алу жазбалары, есептер, деректер және басқа да ақпарат, сонымен қатар Тараптардың берген авторлық құқықпен қорғалатын барлық ақпараты, мұндай ақпаратты Тараптар өзінің сипаты бойынша құпия деп анық көрсеткен кезде;<br>осы Жеткізу шартын орындау барысында Тарапқа немесе оның қызметкерлеріне, агенттеріне немесе құқықтық мирасқорларына белгілі болуы мүмкін (жиынтығында «Құпия ақпарат» деп аталады). Тараптар Құпия ақпаратты рұқсатсыз ашуды немесе пайдалануды болдырмау үшін барлық қажетті шарттық және өзге де сақтық шараларын қолдануға міндетті. | all records, reports, data, and other, and all copyrightable subject matter provided by the Parties, where such information has been expressly identified by the Parties as being confidential in nature;<br>that may come within the knowledge of the Party or its employees, agents, or assigns in the Supply under this Purchase Order (collectively referred to as «Confidential Information»). The Parties shall take all necessary precautions, contractual and otherwise, to prevent unauthorized disclosure or use of Confidential Information. |
| 29.2 | Вне зависимости от вышесказанного Конфиденциальная информация не включает никакую информацию, которая: | Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Құпия ақпарат: | Notwithstanding the foregoing, Confidential Information shall not include any information that: |
| a) | находится или должна была находиться у Стороны и не подлежит обязательствам о конфиденциальности до ее раскрытия в связи с Поставкой; | Тарапта болатын немесе болуы керек және Жеткізуге байланысты оны жариялағанға дейін құпиялылық туралы міндеттемелерге жатпайтын; | is, or shall have been, in the possession of the Party and not subject to a confidentiality obligation prior to disclosure thereof in connection with the Supply; |
| b) | становится публичной или иным образом доступной общественности не за счет какого-либо действия или бездействия Стороны при таких обстоятельствах, при которых общественность может использовать ее без каких-либо прямых или косвенных обязательств по обеспечению конфиденциальности перед Покупателем или его Аффилированными лицами; или | Сатып алушының немесе оның үлестес тұлғаларының алдындағы құпиялылықты қамтамасыз ету бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерсіз жұртшылық оны пайдалана алатын жағдайларда, Тараптың қандай да бір іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі есебінен жұртшылыққа жария немесе өзгеше түрде қолжетімді болатын; немесе | through no act or omission of the Party, becomes published or otherwise available to the public under circumstances such that the public may utilize the same without any direct or indirect confidentiality obligation to the Buyer or its Affiliates; or |
| c) | приобретается Поставщиком у любой третьей стороны, законно владеющей такой информацией и не имеющей прямых или косвенных обязательств по обеспечению конфиденциальности перед Покупателем или его Аффилированными лицами в отношении такой информации. | Жеткізуші осындай ақпаратты заңды иеленетін және Сатып алушы немесе оның үлестес тұлғалары алдында осындай ақпаратқа қатысты құпиялылықты қамтамасыз ету бойынша тікелей немесе жанама міндеттемелері жоқ кез келген үшінші тараптан сатып алатын ақпаратты қамтымайды. | is acquired by the Supplier from any third party rightfully possessed of the same and having no direct or indirect confidentiality obligation to the Buyer or its Affiliates, with respect to the same. |
| 29.3 | Поставщик признает, что Конфиденциальная информация может быть важным активом Покупателя или его Аффилированных лиц и что не существует адекватного средства правовой защиты в случае нарушения настоящей Статьи 29, при том что Покупателю или его Аффилированным лицам может быть нанесен непоправимый ущерб в результате такого нарушения. | Жеткізуші Құпия ақпараттың Сатып алушының немесе оның үлестес тұлғаларының маңызды активі болуы мүмкін екенін және Сатып алушыға немесе оның үлестес тұлғаларына осындай бұзушылық нәтижесінде орны толмас залал келтірілуі кезінде осы 29-бап бұзылған жағдайда барабар құқықтық қорғау құралының жоқ екенін мойындайды. | The Supplier acknowledges that Confidential Information may be an important asset of the Buyer or its Affiliates and that there is not an adequate remedy at law for a breach of this Article 29, and the Buyer or its Affiliates may suffer irreparable harm as a result of such a breach. |
| 29.4 | Вне зависимости от ограничений Статьи 29, Поставщик имеет право раскрывать Конфиденциальную информацию, если это требуется Законами, при условии, что в таких ситуациях в пределах возможного, Поставщик предоставит предварительное Уведомление Покупателю о таком раскрытии и конкретных подробностях касательно Конфиденциальной информации, которую требуется раскрыть. | 29-баптың шектеулеріне қарамастан, егер бұл Заңдармен талап етілсе, мұндай жағдайларда ықтимал шектерде Жеткізуші Сатып алушыға ашылуы талап етілетін құпия ақпаратқа қатысты осындай ашу және нақты егжей-тегжейлер туралы алдын ала Хабарлама берген жағдайда, Жеткізушінің Құпия ақпаратты ашуға құқығы бар. | Notwithstanding the restrictions in this Article 29, the Supplier shall have the right to disclose Confidential Information if required by Laws, provided that in such situations to the extent possible the Supplier shall provide a prior Notice to the Buyer of such disclosure and specific details as to the Confidential Information required to be disclosed. |
| 29.5 | Положения настоящей Статьи 29 применяются с учетом соответствующих изменений к Покупателю для защиты | Осы 29-баптың ережелері Сатып алушыға Жеткізушінің және оның Қосалқы жеткізушілерінің құпия ақпаратын қорғау үшін | The provisions of this Article 29 shall apply mutatis mutandis to the Buyer for the benefit of the Supplier's Confidential Information and |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Конфиденциальной информации Поставщика и его Субпоставщиков, при условии, что любая информация и документы, полученные в соответствии с данным Договором Поставки, могут быть переданы и раскрыты Покупателем его Аффилированным лицам при условии, что такие Аффилированные лица соблюдают требования конфиденциальности. | тиісті өзгерістерді ескере отырып, осы Жеткізу шартына сәйкес алынған кез келген ақпарат пен құжаттарды Сатып алушының осындай үлестес тұлғалар құпиялылық талаптарын сақтаған жағдайда оның үлестес тұлғаларына беруі және ашуы мүмкін болған жағдайда қолданылады. | that of its Sub-Suppliers, provided that, any information and documents received under this Purchase Order may be transferred and disclosed by the Buyer to its Affiliates, provided that confidentiality requirements are observed by such Affiliates. |

## 30 ИНФОРМАЦИЯ В ОТКРЫТОМ ДОСТУПЕ / ҚОЛЖЕТІМДІ РЕСУРСТАҒЫ АҚПАРАТ / PUBLICITY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30.1 | Поставщик не должен выдавать никакую информацию, новостные сообщения, рекламу, документы, фотографии или статьи, касающиеся Поставки, Рабочей Площадки или любой из Сторон, для публикации в любых средствах массовой информации или предоставления общественности без предварительного письменного согласия Покупателя. Поставщик должен прикладывать все разумные усилия для обеспечения того, чтобы его Субпоставщики соблюдали ограничения на публикацию, указанные в настоящем документе, и чтобы такие Субпоставщики не выдавали подобную информацию без предварительного письменного согласия Покупателя. Ограничения в настоящей Статье не применяются в случаях, предусмотренных Применимым Законодательством, при условии, что Поставщик предоставит Покупателю немедленное (и, если возможно, предварительное) Уведомление о любой такой публикации или любом таком раскрытии, требуемыми Применимым Законодательством. | Жеткізуші Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе жұртшылыққа ұсыну үшін Жеткізуге, Жұмыс алаңына немесе Тараптардың кез келгеніне қатысты ешқандай ақпарат, жаңалық хабарламаларын, жарнама, құжаттар, фотосуреттер немесе мақалалар бермеуі тиіс. Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің осы құжатта көрсетілген жарияланымға шектеулерді сақтауын және осындай Қосалқы жеткізушілердің Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз осындай ақпаратты бермеуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерін пайдалануы тиіс. Жеткізуші Сатып алушыға Қолданыстағы заңнамада талап етілетін кез келген осындай жарияланым немесе кез келген осындай ашу туралы дереу (және егер мүмкін болса, алдын ала) хабарлама берген жағдайда, осы Баптағы шектеулер Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда қолданылмайды. | The Supplier shall not issue any information, news release, publication, advertisement, document, photograph or article for publication concerning the Supply, the Site or any of the Parties in any news media or to the public without prior written approval of the Buyer. The Supplier shall use all reasonable endeavours to ensure that its Sub-suppliers comply with the publicity restrictions herein and that said Sub-suppliers not issue any such information without first receiving the Buyer's written approval. The restriction in this Article shall not be applicable to the extent required by Applicable Law, provided the Supplier shall provide an immediate (and if possible, prior) Notice to the Buyer of any such publicity or disclosure required by Applicable Law. |

## 31 ПРАВА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ / ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ / INTELLECTUAL PROPERTY RIGHTS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 31.1 | В случае, когда это применимо, Поставщик настоящим предоставляет Покупателю не эксклюзивное безотзывное право использовать Товары, включая любое установленное программное обеспечение, для эксплуатации и техобслуживания Объектов без какой-либо дополнительной оплаты. | Қолданылатын жағдайларда, Жеткізуші осы арқылы Сатып алушыға қандай да бір қосымша төлемсіз кез келген бағдарламалық жасақтаманы орнатуды қоса алғанда, Объектілерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін Тауарларды пайдалануға айрықша емес қайтарып алынбайтын құқық береді. | If applicable, the Supplier hereby grants to the Buyer a non-exclusive and irrevocable right to use the Goods, including any installed software, for purposes of the operation, maintenance of the Facilities without any additional payment. |
| 31.2 | Поставщик заверяет и гарантирует, что, насколько известно Поставщику, исполнение Поставщиком настоящего Договора Поставки или Товары не нарушают патенты и какую-либо коммерческую тайну или другие права интеллектуальной собственности никакой третьей стороны, и не вызывают возникновение Ответственности за какие-либо сборы или роялти, возникающие в связи с какими-либо патентами, коммерческой тайной или другими правами интеллектуальной собственности. | Жеткізуші өзіне қаншалықты белгілі болғандай Жеткізушінің осы Жеткізу шарты немесе тауарларға арналған тапсырысты орындауы ешқандай үшінші тараптың патенттерін және қандай да бір коммерциялық құпиясын немесе басқа зияткерлік меншік құқықтарын бұзбайтынына және қандай да бір патенттерге, коммерциялық құпияға немесе басқа зияткерлік меншік құқықтарына байланысты туындайтын қандай да бір алымдар немесе роялти үшін Жауапкершіліктің туындамайтынын растайды және кепілдік береді. | The Supplier represents and warrants that, to the best of the Supplier's knowledge, the Supplier's performance under this Purchase Order or the Goods will not infringe any third party patents or violate any trade secrets or other intellectual property rights, nor give rise to Liability for any fees or royalties arising under any patents, trade secrets, or other intellectual property rights. |
| 31.3 | Поставщик обязан возместить Покупателю и каждому из его соответствующих представителей, должностных лиц, директоров, консультантов и сотрудников все убытки, потери и расходы, связанные с Ответственностью в случае нарушения заверения, | Жеткізуші Сатып алушыға және оның тиісті өкілдерінің, лауазымды адамдарының, директорларының, кеңесшілері мен қызметкерлерінің әрқайсысына жоғарыдағы Бапта сипатталған растауды бұзған жағдайда Жауапкершілікпен байланысты барлық | The Supplier shall compensate each of the Buyer and their respective agents, officers, directors, consultants and employees from and against, any and all damages, losses and expenses relating to Liability in case of a breach of the warranty described in the Article above. The Supplier |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | описанного в Статье выше. Поставщику должны быть предоставлены надлежащие полномочия, информация и помощь (за счет Поставщика) для защиты его интеллектуальной собственности, с учетом права Покупателя участвовать за свой счет в любых действиях и полностью и заблаговременно получать информацию от Поставщика до совершения любых действий. Если Товары или любая их часть считаются нарушающими патенты, лицензии или любое право на использование или утилизацию или если продажа, или использование указанных Товаров или их частей запрещены, независимо от того, является ли такое определение окончательным решением, Поставщик должен за свой счет и с согласия Покупателя по абсолютному усмотрению Покупателя либо приобрести для Покупателя право использовать указанные Товары, либо заменить их по существу равными, но не нарушающими права Товарами (или их частью, если применимо); или вывезти указанные Товары и возместить Покупателю расходы на их покупку, транспортировку и установку. | залалдарды, шығындар мен шығыстарды өтеуге міндетті. Жеткізушіге оның зияткерлік меншігін қорғау үшін, Сатып алушының өз есебінен кез келген іс-әрекеттерге қатысу құқығын ескере отырып, тиісті өкілеттіктер, ақпарат және көмек (Жеткізушінің есебінен) берілуі және кез келген іс-әрекет жасалғанға дейін Жеткізушіден ақпаратты толық әрі алдын ала алуы тиіс. Егер Тауарлар немесе олардың кез келген бөлігі патенттерді, лицензияларды немесе пайдалануға немесе кәдеге жаратуға кез келген құқықты бұзады деп есептелсе немесе егер аталған Тауарларды немесе олардың бөліктерін сатуға немесе пайдалануға тыйым салынса, мұндай айқындаудың түпкілікті шешім болып табылуына қарамастан, Жеткізуші өз есебінен және Сатып алушының келісімімен Сатып алушының толық қалауы бойынша немесе Сатып алушы үшін көрсетілген Тауарларды пайдалану құқығын сатып алу немесе оларды мәні бойынша тең, бірақ құқықты бұзбайтын Тауарларға (немесе егер қолданылатын болса, олардың бір бөлігімен) ауыстыруы тиіс; немесе көрсетілген тауарларды алып, Сатып алушыға оларды сатып алу, тасымалдау және орнату шығындарын өтейді. | shall be given adequate authority, information and assistance (at the Supplier's expense) for the defence of same, subject to the right of the Buyer to participate at its expense and to be fully advised by the Supplier in advance of all actions taken. If the Goods or any part thereof are held to be infringing patents, licenses or any right of use or disposition, or if the sale or use of said Goods or parts is enjoined, regardless of whether such determination constitutes a final judgment, the Supplier shall, at its expense, and with the Buyer's approval in the Buyer's absolute discretion, either procure for the Buyer the right to use said Goods , or replace them with substantially equal but non-infringing Goods (or part, if applicable); or remove said Goods and refund to the Buyer the purchase, transportation and installation costs thereof. |

## 32 УВЕДОМЛЕНИЯ / ХАБАРЛАМАЛАР / NOTICES

| | | | |
|---|---|---|---|
| 32.1 | Все официальные уведомления, запросы, утверждения, согласования и договорная корреспонденция (**«Уведомления»**) должны оформляться в виде письма, подписанного Представителем отправляющей Стороны, и направляться Представителю другой Стороны в соответствии с настоящей Статьей 32. Каждая Сторона имеет право изменить свой адрес и электронные контактные данные путем отправки Уведомления об этом другой Стороне. Не ограничивая никакие другие полномочия, любое Уведомление, подписанное Представителем Стороны, считается должным образом, утвержденным данной Стороной. | Барлық ресми хабарламалар, сұратулар, бекітулер, келісулер және шарттық хат алмасулар (**"Хабарламалар"**) жіберуші Тараптың Өкілі қол қойған хат түрінде ресімделуі және осы 32-бапқа сәйкес екінші Тараптың Өкіліне жіберілуі тиіс. Әрбір Тарап бұл туралы екінші Тарапқа хабарлама жіберу арқылы өзінің мекенжайын және электрондық байланыс деректерін өзгертуге құқылы. Тараптың Өкілі қол қойған кез келген Хабарлама ешқандай басқа өкілеттікті шектемей, осы Тарап тиісті түрде бекіткен болып есептеледі. | All formal notices, requests, approvals, consents and contractual communications (the **"Notices"**) shall be in the form of a written letter signed by a sending Party's Representative, and shall be sent to the other Party's Representative in accordance with this Article 32. Either Party may change its address and electronic contact details by a Notice to the other Party. Without prejudice to any other authority, any Notice over a signature of a Party's Representative shall be deemed to be properly authorized by such Party. |
| 32.2 | Все Уведомления должны пересылаться каким-либо из следующих разрешенных способов: | Барлық Хабарламалар төменде көрсетілген рұқсат етілген тәсілдердің қандай да бірімен жіберілуі тиіс: | All Notices shall be sent by any of the following permitted methods: |
| a) | личная доставка другой Стороне; | екінші Тарапқа қолма-қол жеткізу; | by personal delivery to the other Party; |
| b) | в виде факса; | факс түрінде; | by telephone facsimile; |
| c) | по электронной почте при условии, что электронное сообщение содержит приложение в форме сканированного подписанного письма; | егер электрондық хабарламада сканерден өткізілген қол қойылған хат түріндегі қосымша болса, электрондық пошта арқылы; | by e-mail, provided this transmission contains an attachment in the form of a scan of a signed letter; |
| d) | заказной почтой, с уведомлением о вручении и с запросом даты получения; или | хаттың тапсырылғаны туралы хабарламасы бар және алған күнін сұрату арқылы тапсырыс поштасымен; немесе | by registered mail, return receipt and date of receipt requested; or |
| e) | экспресс-почтой (например, DHL, Federal Express и т.п.). | экспресс-пошта арқылы (мысалы, DHL, Federal Express және т.б.). | by express courier (e.g. DHL, Federal Express, etc.). |
| 32.3 | Уведомления вступают в силу и считаются доставленными: | Хабарламалар келесі жағдайларда күшіне енген және жеткізілген болып саналады: | Notices shall be effective and shall be deemed delivered on: |
| a) | в случае личной доставки, при вручении лично в руки; | жеке қолма-қол тапсырып, жеткізген жағдайда; | if by personal delivery, at the time of the personal delivery; |
| b) | в случае передачи с помощью факса или электронной почте, на дату, указанную в электронном подтверждении, | факс немесе электрондық пошта арқылы жіберілген жағдайда, электрондық растауда көрсетілген күні, егер | if sent by facsimile or email, on the date stated in the electronic confirmation if delivered during normal business hours (9:00 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | если отправление доставлено в обычное рабочее время (с 9:00 утра до 6:00 вечера по местонахождению получателя), и, если отправление доставлено не в обычное рабочее время, то на следующий Рабочий День после доставки; или | жөнелту әдеттегі жұмыс уақытында жеткізілсе (алушының орналасқан жері бойынша таңғы сағ. 9:00-ден кешкі 6:00-ге дейін) және егер жөнелту әдеттегі жұмыс уақытында жеткізілмесе, жеткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күні; немесе | am to 6:00 pm at recipient's location), and, if not delivered during normal business hours, on the next Business Day following delivery; or |
| c) | при отправке экспресс-почтой, на дату, заверенную подписью и отраженную в журнале доставки курьерской службы. | экспресс-поштамен жіберу кезінде, қолтаңбамен расталған және курьерлік қызметтің жеткізу журналында көрсетілген күні. | if sent by courier the date signed for, as reflected in the courier's delivery log. |
| 32.4 | Все Уведомления, переданные в рамках данного Договора Поставки, должны строго соответствовать требованиям настоящей Статьи 32, при этом любое уведомление или извещение, отправленное другим адресатам или любым другим образом, недействительно и не считается Уведомлением согласно данному Договору Поставки. Ни при каких обстоятельствах устные договоренности или переписка по электронной почте не могут рассматриваться в качестве допустимого способа передачи Уведомлений, если электронное сообщение не содержит сканированного подписанного письма. | Осы Жеткізу шарты аясында берілген барлық Хабарламалар осы 32-баптың талаптарына қатаң сәйкес келуі тиіс, бұл ретте басқа адресаттарға немесе кез келген басқа жолмен жіберілген кез келген хабарлама немесе хабар жарамсыз және осы Жеткізу шартына сәйкес Хабарлама болып саналмайды. Егер электрондық хабарламада сканерден өткізілген қол қойылған хат болмаса, ешқандай жағдайда ауызша келісулер немесе электрондық пошта арқылы хат алмасу Хабарламаларды берудің рұқсат етілген тәсілі ретінде қарастырылмайды. | All Notices to be given under this Purchase Order must be in strict compliance with the requirements of this Article 32 and any notice or notification made to other addressees or in any other fashion shall be of no effect and not considered to be a valid Notice under this Purchase Order. Under no circumstances shall oral discussions or e-mail correspondence, unless containing a scan of a signed letter, be considered as acceptable methods for providing a Notice. |
| 32.5 | Вышеуказанная процедура для Уведомлений не применяется к обычной повседневной переписке между Сторонами, которая не представляет собой Уведомления и осуществляется по протоколируемой электронной почте. | Хабарламалар үшін жоғарыда көрсетілген рәсім Тараптар арасындағы хабарлама болып табылмайтын және хаттамаланатын электрондық пошта арқылы жүзеге асырылатын әдеттегі күнделікті хат-хабарларға қолданылмайды. | The above procedure for Notices shall not apply to normal day to day communications between Parties which shall not amount to Notices and shall be by logged e-mail. |

## 33 ДЕЛИМОСТЬ И ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ / БӨЛІНГІШТІК ЖӘНЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ / SEVERABILITY & VALIDITY

| | | | |
|---|---|---|---|
| 33.1 | В тех случаях, когда это возможно, каждое положение настоящего Договора Поставки толкуется таким образом, чтобы оно было действительно и имело силу согласно Законам. Если какое-либо положение настоящего Договора Поставки или его часть окажется недействительным(ой) или лишенным(ой) юридической силы, то такое положение или его часть должно быть исключено(а) из настоящего Договора Поставки в пределах такого запрета или юридической недействительности. При этом дух и цель всего Договора Поставки остаются неизменными, а оставшаяся часть обязательств, прав или положений Договора Поставки ни в коей мере не теряет своей применимости. | Мүмкін болған жағдайларда, осы Жеткізу шартының әрбір ережесі Заңдарға сәйкес оның шын мәнінде және күші болатындай етіп түсіндіріледі. Егер осы Жеткізу шартының қандай да бір ережесі немесе оның бөлігі жарамсыз немесе заңдық күшінен айырылған болса, онда мұндай ереже немесе оның бөлігі осындай тыйым салу немесе заңдық жарамсыздық шегінде осы Жеткізу шартынан алынып тасталуы тиіс. Бұл ретте Жеткізу шартының ерекшелігі мен мақсаты өзгеріссіз қалады, ал Жеткізу шартының міндеттемелерінің, құқықтарының немесе ережелерінің қалған бөлігі өзінің қолданылуын жоғалтпайды. | Whenever possible, each provision of this Purchase Order shall be interpreted in such a way as to be effective and valid under Laws. If all or part of a provision of this Purchase Order turns out to be invalid or otherwise unenforceable, that provision must be severed from the Purchase Order to the extent of such prohibition or invalidity, without invalidating the spirit and object established in this Purchase Order and will not affect in any way the applicability of remainder of such obligations, rights or the remaining provisions of this Purchase Order. |

## 34 УСТУПКА ПРАВ И ИХ ДЕЛЕГИРОВАНИЕ / ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАБЫСТАУ / ASSIGNMENT AND DELEGATION

| | | | |
|---|---|---|---|
| 34.1 | Поставщик не имеет права передавать свои права и обязательства по настоящему Договору Поставки без предварительного письменного согласия Покупателя, который по своему собственному усмотрению может предоставлять или не предоставлять такое согласие. Вне зависимости от вышесказанного, любая фактическая или предполагаемая уступка прав, поручительство, судебное дело, судебный иск, наложение ареста на имущество, наложение ареста на суммы, причитающиеся должнику от третьего лица, или право требования | Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз беруге құқығы жоқ, ол өз қалауы бойынша мұндай келісімді бере алады немесе бермейді. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, осы Жеткізу шартына сәйкес кез келген нақты немесе болжамды құқықтарды беру, кепілгерлік, сот ісі, сот талабы, мүлікке тыйым салу, борышкерге үшінші тұлғадан тиесілі сомаларға тыйым салу немесе үшінші тараптың Жеткізушінің құқықтарына қатысты талап ету құқығы (төленуі тиіс немесе | The Supplier shall not assign its rights and obligations under this Purchase Order without the prior written consent of the Buyer, acting in its absolute discretion. Notwithstanding the foregoing, any actual or attempted assignment, cautionary measurement, action, lawsuit, attachment, garnishment, or claim by a third party with respect to the Supplier's rights (including rights to amounts due or to become due) under this Purchase Order shall entitle the Buyer to take action as per Article 27. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | третьей стороной по отношению к правам Поставщика (включая права на суммы, которые подлежат оплате или в будущем будут подлежать оплате) согласно настоящему Договору Поставки дают Покупателю право принимать меры согласно Статье 27. | болашақта төленуге жататын сомаларға құқықтарды қоса алғанда) Сатып алушыға 27-бапқа сәйкес шаралар қолдану құқығын береді. | |
| 34.2 | Покупатель имеет право передать свои права и обязательства по настоящему Договору Поставки своим соответствующим правопреемникам и цессионариям, а Поставщик настоящим дает согласие на любую такую уступку при условии, что Поставщику предоставлено Уведомление об уступке вместе с информацией об этой уступке, в разумной мере необходимой Поставщику. | Сатып алушы осы Жеткізу шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін өзінің тиісті құқықтық мирасқорларына және борышқорларына беру құқығын өзіне қалдырады, ал Жеткізуші осы арқылы Жеткізушіге қажетті қолайлы шамада осындай беру туралы ақпаратпен бірге Құқықтарды беру туралы хабарлама беру талабымен кез келген осындай құқытарын беруге келісім береді. | The Buyer reserves its right to assign its rights and obligations in this Purchase Order to its respective successors and assigns, and the Supplier hereby consents to any such assignment as long as the Supplier is provided with a Notice of the assignment, with reasonable information about the assignment. |

## 35 ПРИМЕНИМОЕ ПРАВО И ЯЗЫК / ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТІЛ / GOVERNING LAW AND LANGUAGE

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35.1 | Настоящий Договор Поставки регулируется, толкуется и принудительно исполняется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. | Осы Жеткізу шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі, түсіндіріледі және мәжбүрлі түрде орындалады. | This Purchase Order is regulated, construed and enforced in accordance with the current legislation of the Republic of Kazakhstan. |
| 35.2 | Вся переписка Сторон по настоящему Договору Поставки ведется на английском и/или русском языке. Юридическая и финансовая документация ведется на английском и/или русском языке. | Осы Жеткізу шарты бойынша Тараптардың барлық хат-хабарламалары ағылшын және/немесе орыс тілінде жүргізіледі. Заңды және қаржылық құжаттама ағылшын және/немесе орыс тілінде жүргізіледі. | All Purchase Order communication between the Parties to this Purchase Order shall be in the English and/or Russian language. Legal and financial documentation shall be in and/or Russian. |
| 35.3 | В случае любого несоответствия между условиями Incoterms и настоящим Договором Поставки, условия Договора Поставки имеют преимущественную силу. | Incoterms шарттары мен осы Жеткіз шартының арасында кез келген сәйкессіздік болған жағдайда, Жеткізу шартының талаптары басым күшке ие болады. | In case of any discrepancy between the terms and conditions of Incoterms and this Purchase Order, the terms of the Purchase Order shall prevail. |

## 36 РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ / ДАУЛАРДЫ ШЕШУ / DISPUTE RESOLUTION

| | | | |
|---|---|---|---|
| 36.1 | За исключением вопросов, требующих незамедлительного судебного запрета или аналогичных соразмерных средств судебной защиты, все разногласия, противоречия, Претензии, споры или другие вопросы, возникающие между Сторонами по настоящему Договору Поставки или относящиеся к нему в любой форме (**«Споры»**), разрешаются согласно настоящей Статье 36. | Дереу сот тыйымын немесе соттық қорғаудың ұқсас объективті құралдарын талап ететін мәселелерді қоспағанда, осы Жеткізу шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын немесе оған кез келген нысанда қатысты барлық келіспеушіліктер, қайшылықтар, Шағымдар, даулар немесе басқа да мәселелер (**"Даулар"**) осы 36-бапқа сәйкес шешіледі. | Except for matters requiring immediate injunctive or similar equitable relief, all disagreements, controversies, Claims, disputes or other matters in question between the Parties arising out of or relating in any way to this Purchase Order (**"Disputes"**) shall be resolved pursuant to this Article 36. |
| 36.2 | В случае какого-либо Спора любая из Сторон имеет право направить Уведомление другой Стороне с указанием сути Спора, при этом применяются следующие положения: | Кез келген Даулы мәселе туындаған жағдайда кез келген Тарап Даудың мәнін көрсете отырып, екінші Тарапқа Хабарлама жіберуге құқылы, бұл ретте мынадай ережелер қолданылады: | In the event of any Dispute, either Party may send a Notice to the other Party specifying the essence of Dispute, and the following provisions shall apply: |
| a) | Стороны прикладывают все усилия для разрешения Спора путем переговоров в течение одного месяца; | Тараптар бір ай ішінде келіссөздер жүргізу арқылы Дауды шешу үшін барлық күш-жігерін салады; | The Parties shall make every effort to settle the Dispute by negotiations within one month; |
| b) | Если Представители Покупателя и Поставщика не могут урегулировать Спор, то Спор передается главным руководителям Покупателя и Поставщика или их назначенным представителям. Главные руководители Покупателя и Поставщика или их представители должны в течение 7 (семи) Рабочих Дней с момента передачи им Спора встретиться и провести переговоры в течение не более 3 (трех) Рабочих Дней для разрешения этого Спора; | Егер Сатып алушы мен Жеткізушінің Өкілдері Дауды шеше алмаса, онда Дау Сатып алушы мен Жеткізушінің бас басшыларына немесе олардың тағайындалған өкілдеріне беріледі. Сатып алушы мен Жеткізушінің бас басшылары немесе олардың өкілдері оларға Дау берілген сәттен бастап 7 (жеті) Жұмыс күні ішінде кездесіп, осы Дауды шешу үшін 3 (үш) Жұмыс күнінен аспайтын мерзімде келіссөздер жүргізулері тиіс; | If the Buyer's and Supplier's Representatives fail to resolve the Dispute, then the Dispute shall be referred to the chief executives, or their nominees, of the Buyer and the Supplier. The chief executives of the Buyer and the Supplier or their nominees shall, within 7 (seven) Business Days of the Dispute being referred to them, meet and negotiate the resolution of that Dispute over not more than 3 (three) Business Days; |
| c) | Если Спор не разрешен согласно процедурам, указанным в Статье 36.2 a), Спор должен быть направлен и окончательно разрешен Специализированным | Егер дау 36.2 а)-бабында көрсетілген рәсімдерге сәйкес шешілмесе, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жіберілуі және | Failing any resolution through the procedures specified in Article 36.2 a), the Dispute shall be referred to and finally resolved by the Specialized Interdistrict Economic Court of |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | межрайонным экономическим судом города Алматы. Стороны согласны с тем, что для разрешения Спора будет применяться процессуальное право Республики Казахстан. | түпкілікті кесімді түрде шешілуі тиіс. Тараптар мұндай дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының процессуалдық құқығы қолданылатынымен келісті. | the city of Almaty. The parties agree that the procedural law of the Republic of Kazakhstan shall be applied to resolve the Dispute. |
| 36.3 | В ожидании решения суда, согласно настоящей Статье 36, Стороны должны продолжать исполнять и соблюдать свои соответствующие права и обязательства согласно настоящему Договору Поставки. | Осы 36-бапқа сәйкес соттың шешімін күтуде Тараптар осы Жеткізу шарты бойынша өздерінің тиісті құқықтары мен міндеттемелерін орындауды және сақтауды жалғастырады. | Pending the decision of the court under this Article 36, the Parties shall continue to perform and comply with their respective rights and obligations under this Purchase Order. |

## 37 ЭКЗЕМПЛЯРЫ / ДАНАЛАР / COUNTERPARTS

| | | | |
|---|---|---|---|
| 37.1 | Настоящий Договор Поставки составлен на русском, казахском и английском языках, в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, из которых один экземпляр передаётся Покупателю, один экземпляр Поставщику.<br>В случае противоречий между версиями Договора, версия Договора на казахском языке имеет преимущественную силу. | Осы Жеткізу шарты заңды күші бірдей, орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде екі данада жасалған, оның бір данасы Сатып алушыға, бір данасы Жеткізушіге беріледі.<br>Шарттың нұсқалары арасында қарама-қайшылық болған жағдайда Шарттың қазақ тіліндегі нұсқасының күші басым болады. | This Purchase Order has been drawn up in Russian, Kazakh and English in two originals, each having an equal legal effect, one for the Buyer and the other one for the Supplier.<br>In case of any discrepancy between the versions of this Purchase Order, the Purchase Order in Kazakh language shall prevail. |
| 37.2 | Настоящий Договор Поставки приобретает обязательную юридическую силу после его подписания обеими Сторонами. При подписании настоящего Договора и относящихся к нему документов Стороны допускают возможность использования средств факсимильного копирования подписи (факсимиле). Договор, подписанный с использованием факсимильной копии подписи, признается Сторонами действительным и имеющим обязательную силу для Сторон. Экземпляры могут быть факсимильными или отсканированными электронными версиями оригиналов при условии, что Сторона, пересылающая такой экземпляр по факсу или электронной почте, отправит оригинал документа другой Стороне в течение последующих 5 (пяти) календарных дней. | Осы Жеткізу шарты оған екі Тарап қол қойғаннан кейін міндетті заңды күшке ие болады. Осы Шартқа және оған қатысты құжаттарға қол қою кезінде Тараптар қолды факсимильді көшіру құралдарын (факсимиле) пайдалану мүмкіндігіне рұқсат береді. Қолдың факсимильді көшірмесін пайдалана отырып қол қойылған Шартты Тараптар жарамды және Тараптар үшін міндетті күші бар деп таниды. Мұндай дананы факс немесе электрондық пошта арқылы жіберетін Тарап құжаттың түпнұсқасын келесі 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа жіберген жағдайда, даналар түпнұсқалардың факсимильді немесе сканерден өткізілген электрондық нұсқалары болуы мүмкін. | This Purchase Order shall become a binding agreement upon being signed by both Parties. When signing this Order and related documents, the Parties hereto allow the use of a facsimile signature (facsimile). The Order signed using a facsimile copy of the signature shall be recognized by the Parties as valid and binding upon the Parties. The counterparts can be facsimile or electronic scanned versions of the originals, provided that the Party forwarding such counterpart via fax or email submits the original document to the other Party within the next 5 (five) calendar days. |

## 38 ФОРС-МАЖОР / ФОРС-МАЖОР / FORCE MAJEURE

| | | | |
|---|---|---|---|
